

**Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігі
«Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясы» РММ**

№ 12 ХАТТАМА
27 маусым 2023 ж.

Ғылыми кеңес мәжілісі

Төраға: ректордың м.у.а., Оқу және оқу-әдістемелік жұмыс жөніндегі проректоры, профессор Г.Б. Әбдірахман.

Хатшы: физика және математика ғылым. кан., доцент Ш.А. Аманжолова.

Қатысқандар – 26 адам.

Қатыспағандар – 2 адам: 1) А.Г. Каирбекова – «Әлеуметтік-гуманитарлық пәндер» кафедрасының меңгерушісі, профессор, философия ғылымдарының докторы (іссапарға байланысты); 2) А.С. Ахмедиярова – «Дәстүрлі музыкалық өнер» мамандығының 3 курс студенті (жазғы демалысқа байланысты).

КҮН ТӘРТІБІНДЕ:

1) 2022-2023 оқу жылының оқу-әдістемелік жұмысы туралы есеп (Г.Б. Әбдірахман, Ректордың м.у.а., Оқу және оқу-әдістемелік жұмыс жөніндегі проректор);

2) Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясының профессорлық-оқытушылық құрамын Мемлекеттік наградаларға ұсыну туралы (Г.Б. Әбдірахман, Ректордың м.у.а., Оқу және оқу-әдістемелік жұмыс жөніндегі проректор);

3) Білім алушыларды, магистранттарды ақылы оқу түрінен мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша оқуға ауыстыру туралы (Факультет декандары);

4) 2022-2023 оқу жылындағы мемлекеттік емтихандардың қорытындысы туралы (Н.А. Ертаева, Оқу үдерісін жоспарлау және ұйымдастыру қызметінің басшысы);

5) ҚР Президентінің стипендиясына (бакалавриат, магистратура) және Нұрсұлтан Назарбаев қоры (бакалавриат: 3, 4 курс) стипендияларға кандидатураларды бекіту туралы (Факультет декандары);

6) 2022-2023 оқу жылындағы Құрманғазы ҚҰК Ғылыми кеңес шешімдерінің орындалуы туралы (Ш.А. Аманжолова, Ғылыми хатшы);

7) Әртүрлі

7.1 ҚР Еңбек сіңірген қайраткері Ғалым Мұхамединның Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясының Құрметті профессор атағына ұсыну туралы (А.Ұ. Күзеубай, «Халық әні» кафедрасының меңгерушісі);

7.2 «Арнайы фортепиано» кафедрасының меңгерушісі, аға оқытушы И.А. Гавриленконың «Сборник сочинений композиторов Казахстана для органа (I том)» атты жинағын баспаға ұсыну

туралы. (А.С. Бекенова, «Аспаптық орындаушылық» факультетінің деканы);

7.3 «Музыкалық білім беру және психология» кафедрасының оқытушысы Динара Бейсагановна Саманованы аға оқытушы лауазымына ұсыну туралы (К.А. Есдаулетова, «Музыкалық білім беру және психология» кафедрасының меңгерушісі);

7.4 Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясының 2023–2029 жылдарға арналған бағдарламасы және даму жоспарын бекіту туралы (Г.Б. Әбдірахман, Ректордың м.у.а., Оқу және оқу-әдістемелік жұмыс жөніндегі проректор).

КІРІСПЕ:

Г.Б. ӘБДІРАХМАН – Ректордың м.у.а., Оқу және оқу-әдістемелік жұмыс жөніндегі проректор:

Қайырлы күн құрметті ҒК мүшелері. Ғылыми кеңестің кезекті мәжілісін бастайық. Күн тәртібіне көшеміз.

1. ТЫҢДАЛДЫ: Ректордың м.у.а., Оқу және оқу-әдістемелік жұмыс жөніндегі проректор Г.Б. Әбдірахманның 2022-2023 оқу жылының оқу-әдістемелік жұмысы туралы есебі.

СӨЗ СӨЙЛЕДІ:

Г.Б. ӘБДІРАХМАН – Ректордың м.у.а., Оқу және оқу-әдістемелік жұмыс жөніндегі проректор:

Қайырлы күн, құрметті ҒК мүшелері! Назарларыңызға 2022-2023 оқу жылының оқу-әдістемелік жұмысы туралы есепті ұсынамын.

ҚАУЛЫ ЕТТІ:

1. 2022-2023 оқу жылының оқу-әдістемелік жұмысы туралы есеп бекітілсін.

ҚАБЫЛДАНҒАН ШЕШІМ: Бірауыздан қабылданды.

2. ТЫҢДАЛДЫ: Ректордың м.у.а., Оқу және оқу-әдістемелік жұмыс жөніндегі проректор Г.Б. Әбдірахманның Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясының профессорлық-оқытушылық құрамын Мемлекеттік наградаларға ұсыну туралы баяндамасы.

СӨЗ СӨЙЛЕДІ:

Г.Б. ӘБДІРАХМАН – Ректордың м.у.а., Оқу және оқу-әдістемелік жұмыс жөніндегі проректор:

Құрметті ҒК мүшелері! Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясының профессорлық-оқытушылық құрамын Қазақстан Республикасы Мемлекеттік наградаларына келесі кандидаттарды ұсынады:

«Қазақстанның Еңбек Ері» атағына:

1) Каршимбай Ахмедьяров (1946-2010) 25 наурызда Атырау облысы, Махамбет ауданы, Таңдай селосында туған.

1961 жылы осы облыстың Чапаев атындағы совхозының М. Горький орта мектебін бітіріп, Атырау музыка колледжіне хор дирижері мамандығына қабылданып, даусы ауруына байланысты бір жылдан кейін Алматы малдәрігерлік институтына түседі. Институттың көркемөнерпаздар үйірмесінің көркемдік жетекшісі кафедра түлегі Н. Жорабеков талант тағасы іргесін танып, Құрманғазы оркестрінің Бас дирижері Ш. Қажғалиевқа тыңдатады. Ол бірден оркестрге жұмысқа қабылдап, консерваторияның дайындық курсына (бас домбыра ұстазы Қ.Ә.Мұхитов) түсіп, оқу орнын 1972 жылы домбыра және оркестр дирижері (ұстазы Ш.С. Қажығалиев) бітіріп, сонан бері күй өнерінің жарық жұлдызы, бүкіл жер жүзіне белгілі күйші қазақ халқын бай музыкасы бар – талантты, шежіре ел ретінде таныстырып, тыңдарманының зор ілтипатымен «Дәулескер күйші», «Тірі Құрманғазы», «Күй Қаршығасы» атанды.

Каршимбай Ахмедьяров дүлдүл – орындаушы, күй-танушы, күйші-композитор, ұлағатты ұстаз, сиқырлы таяқша сырын ұққан дирижер, қоғам қайраткері. Ол, оркестр құрамында және жеке республикамыздың барлық аймағында, ТМД мемлекеттерінде және Америка, Англия, Финляндия, Польша, Дания, Филиппин аралдары, Біріккен Араб әмірліктері, Куба, Венгрия, Югославия, Чехословакия, Монголия, Сирия, Франция, Италия, Португалия, Түркия, Жапония, Қытай сияқты т.б. көптеген шетелдерде өнер көрсетті. Кейбір елдердің үлкен сахналарынан бірнеше рет күй күмбірінен керуен тартып, Қазақстан рухани мұрасы дәрежесін әрқашан биікте ұстауға бар саналы ғұмырын арнады. К. Ахмедияров өзіне дейінгі дәстүрлі күй өнеріндегі дәулескерлердің айрықша орындаушылық шеберлігін жүрегіне ұялатып, күй әуезі қанатын саусағына қондырған, орындаушылық үрдісте таңғажайып мектеп қалыптастырған орындаушы.

Каршимбай Ахмедьяров домбырасы перне тылсымынан өтіп, шанаққа ұяламаған күйшілік мектеп жоқ десек қателеспейміз. 10 аса күй табак, 3 компакт диск, үн таспа және әр түрлі қорлардағы жазылған күй саны өте мол мұра. 2011 жылы «Күй ұран» атты 14 CD тұратын топтамасын, консерватория радио кешенінде жинақталып, осы жолдар авторының құрастыруында белгілі скрипкашы қызы Раушан Ахмедиярова Америка Құрама штаттарынан шығарды. Оны басқа күйшілерден ерекшелейтін тұсы – репертуарының бар аймақ күйшілік мектебін қамтыған кеңдігі, әр орындаушылық мектепті бабалардың өзіндей нанымды жеткізуінде, бұл бағамды да қалың тыңдарманы мен музыка мамандары таңбалап, күйшіге жоғарыда айтып өткендей айдар таққан. Тағы бір өзгеше тұсы домбыраның барша мүмкіндігін қолданған, заманауи леп, жаңалық әкелген ауқымды күй шығармашылығы. Екіншісі бірінің саусақ сиқырына көне қоймайтын, шашасын шалдырмайтын төл туындылары: «Қуаныш», «Атырау», «Хамаң толғау», «Құрманғазы-Ақжелең», «Сағыныш», «Наурыз Ақжелең» «Желдірме», «Ақ қайың», «Көк төбе», «Шот-Аман-төре», «Ақ Жайық», «Ұстаз», «Қайран әке», «Табыну», «Имаш Байжұма», «Қосбасарлар», «Той», «Шашу», «Шабьт» сияқты көптеген күйлері байқауларда, мемлекеттік емтихандарда, үлкен сахналарда күйшінің ғана күйшісі ойнайтын шығармалар. 145 тен аса күйі, 10-нан аса әндері бар. Өнерді сүйетін, күйді жазбай танитын күй ғұмыр тыңдарманы оның шығармашылығын санымен емес, құрылымымен кімнің күйі, орындаушылық стилімен қай мектеп лебінде, қағыс шалымымен, қарымымен құлаққа жететін нанымдылығымен бағалады. Соңғы жылдары К. Сахарбаеваның құрастыруы және әр қырынан зерделеуімен репертуары мен төл туындыларын түгел қамтыған «Табыну», «Шынар», «Күй ұран», «Толғау» жинақтары жарық көрді. Мұнан шығатын қорытынды: Қаршыға Ахмедиярұлы «Күй шығармашылық» үрдісінде де ерекше сипатты, біздің ғасырымызда теңдесі жоқ ұлы тұлға.

Мәдени мұра мемлекеттік бағдарламасы аясында жарық көрген «Қазақ музыкасы антологиясы» көп томдығының және «Қазақтың 1000 күйі» авторларының бірі. Ақпарат құралдары беттерінде көп жылдардағы өнер қақындағы сұхбаттары, ой-тұжырымдары, оқу-әдістемелік, ғылыми-зерттеушілік тұрғысындағы ұстанымдары әр түрлі топтама жинақтарда баспадан шықса, ақын, жорналшы, өнер танушы қаламгерлердің ол туралы

ақпарат беттерінде қозғаған байламды бағамдарды «Күй ғұмыр» атымен жанұясы топтап шығарды.

Каршимбай Ахмедьяров ұдайы ізденісте бодды, тауып жүріп, тағылым алды. Республика көлемінде ол кездеспеген күйші, өнерпаз, тартылмаған күй жоқ десек қате айтылмаған қағида. Ал, дирижерлық қырына келсек бұл саланы сауатты меңгеруге жанын салды, жанұясынан жырақта күйшілік биігінде тұрсада, 1986-88ж.ж. Мәскеу қаласында белгілі дирижер Н.Н.Калининнің екі жыл тәлімін алып, Н.Осипов атындағы оркестрмен үлкен тәжірибеден өтті.

Оның ұстаздық ұлағатын ұққан, қолынан күй алған шәкірттері Қазақстанның еңбегі сіңген артистері, Қазақстанның еңбегі сіңген қайраткерлері, мемлекеттік «Дарын» жастар сыйлығының және халықаралық, республикалық сайыс лауреаттары, елге танымал мамандар. Ол көп жылдар 1-2 курс домбырашыларына «Ансамбль» пәнінен дәріс бергенін есептесек, күйшілер сайыстарындағы қазылар алқасындағы төраға-мүшелігімен республика бойынша барша домбырашының ұстазы болды десек қателеспейміз.

«Құрмет» орденіне:

2) Нұралы Таңатар Қоңырұлы – қазіргі заманның тамаша музыканты, Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясының үрмелі және ұрмалы аспаптар кафедрасының профессоры, бірқатар мақалалардың және оқу-әдістемелік кітаптардың авторы, талантты гобоистердің бірнеше ұрпағын тәрбиелеген көп жылдық өтілі бар оқытушы.

Нұралы Т.Қ. өзінің шығармашылық қызметін консерваторияда 1967 жылы бастаған. Өмір бойы ол концерттік музыкант (солист те, оркестрші де) болып келеді. Бірнеше рет республикалық және халықаралық байқаулардың (Мәскеу, Қазан, Новосибирск, Ташкент, Одесса, Ленинград, Астана, Алматы және т.б.) қазылар алқасының мүшесі болды.

Қазіргі таңда, Таңатар Қоңырұлы, Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясының жетекші профессорларының бірі болып табылады. Профессордың жемісті педагогикалық қызметінің дәлелі «Гобой» мамандығы бойынша 85 – нен астам түлек болып табылады, олардың көпшілігі республикалық, аймақаралық және 25-тен астам халықаралық байқаулардың лауреаттары. Қазіргі уақытта Нұралы Т.Қ. сыныбының түлектері Қазақстан Республикасында да, шетелде де шығармашылық, концерттік және педагогикалық қызметпен айналысады. Олар: Бисенғалиева К., Мажағұлов Б., Құрманбаев Ж., Мазуренко А., Айтбаев К., Ажбағамбетов Е., Махпирова Д., Михлина М., Мухадиева Л., Мукашева А., Тустикбай О., Аужанова А., Бахтияров А., Ералы Ф және т.б.

Нұралы Т.Қ. Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясында үзіліссіз еңбек етіп келеді (56 жыл). Студенттердің репертуарын толықтыру барысында Қазақстан композиторларының шығармаларымен, гобойға арналған шығармаларды қайта өңдеумен белсенді айналысты. Профессор үрмелі аспаптарда орындаушыларға арналған көптеген әдістемелік кітаптар шығарды: «Гобойға арналған пьесалар» (1984ж.), «Методические указания по исполнению музыкальных произведений для гобоя» (1984ж.), «Начальное обучение игре на гобое» (1994ж.), «Руководство к изготовлению тростей для гобоя» (1994ж.), «Сборник пьес для гобоя и фортепиано» (2004ж.), «Штрихи к портрету» (2008ж.), «Гобой үйрену мектебі» (2011ж.), «Штрихи жизни» (2018ж.) және т.б. Таңатар Қоңырұлы консерватория студенттеріне арналған «Таяқтар өңдеу» атты жаңа курстың авторы.

Мәдениет және өнер саласындағы көптеген еңбегі үшін Нұралы Таңатар Қоңырұлы ҚР Еңбек сіңірген әртісі, ҚР Білім беру ісінің құрметті қызметкері атағына ие болды, «Жұмыстағы үздік жетістіктері үшін» төсбелгісімен және А. Байтұрсынов атындағы күміс медальмен марапатталды.

3) Галия Зайнакуловна Бегембетова – 1965 жылы 11 наурызда Алматы қаласында дүниеге келген. 1983 жылы П.Чайковский атындағы музыкалық училищені «Музыка теориясы» мамандығы бойынша, ал 1989 жылы Алматы мемлекеттік консерваториясын (қазіргі – Құрманғазы атындағы қазақ ұлттық консерваториясы) «Музыкатану» мамандығы бойынша бітірген. 1996 жылы ҚР ҒА жанындағы М.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер

институтында «Күләш Байсеитова және қазақ опера өнерінің қалыптасуы» тақырыбында кандидаттық диссертация (мамандық шифры – 17.00.02) қорғаған.

Жалпы ғылыми-педагогикалық еңбек өтілі – 33 жыл.

2000 ж. Г.З. Бегембетова «ҚР Талантты жас ғалымдарына» арналған Мемлекеттік стипендияның лауреаты атанған.

Галия Зайнакуловна М.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты жанындағы өнертану кандидаты ғылыми атағын алуға ұсынылған диссертацияларды қорғауға арналған Мамандандырылған кеңестің мүшесі (2010-2011 жж.), консерваторияның Музыкатану және менеджмент факультеті деканының орынбасары, (2009-2011 жж.), Музыкатану және менеджмент факультетінің деканы (2011-2013 жж., 2016-2017 жж.), консерваторияның тәрбие жұмысы жөніндегі проректоры (2013-2014 жж.) қызметін атқарған. Өртүрлі жылдар аралығында ол «Музыкатану» мамандығы бойынша өткен Республикалық студенттік олимпиаданың қазылар алқасының мүшесі (Астана, 2012 ж., 2013 ж., 2016 ж.), сондай-ақ Қазақ ұлттық өнер университетінде «Музыкатану», «Арт-менеджмент» мамандықтары бойынша бакалавриant деңгейінде диплом қорғау, барлық өнертану мамандықтары бойынша магистерлік диссертациялар қорғау жөніндегі Мемлекеттік емтихан комиссиясының төрайымы (Астана, 2016 ж., 2017 ж., 2018 ж.) болды. Соңғы бес жыл аралығында консерваторияның Диссертациялық кеңесі төрағасының орынбасары болып табылады.

Көптеген жылдар бойы ол «Аспаптық орындаушылық», «Композиция», «Дәстүрлі орындаушылық», «Вокалдық өнер» мамандықтары студенттеріне «Сольфеджио», «Гармония» курстары бойынша қазақ және орыс тілдерінде сабақ берді. «Арт-менеджмент» мамандығы студенттеріне «Өнер әлеуметтануы», «Қазіргі мәдениет саясаты», «Конфликтология» және т.б. пәндерден дәріс оқыды. Қазіргі кезде профессор ретінде барлық мамандықтардың магистранттарына арнаған «Ғылыми зерттеулердің әдіснамасы» курсын жүргізеді.

2018-2022 жылдар аралығында «Ғылымды дамыту» 217 бюджеттік бағдарлама бойынша, «Ғылыми зерттеулерді гранттық қаржыландыру» 102 ішкі бағдарлама аясында, ««Мәңгілік елдің» ғылыми негіздері (XXI ғасырдағы білім беру, гуманитарлық ғылымдар саласындағы іргелі және қолданбалы зерттеулер)» басымдылығы шеңберінде Қазақ ғылыми-зерттеу мәдениет институтымен ЖШС бірге жүзеге асырған АР №05135997 «Қазақстанның орындаушылық өнері: ұлттық стиль, дәстүрлер және қоғамды түрлендірудегі рөлі» жобасының жетекшісі болды.

2020 жылы «Қазақстанның өнер сыншылары гильдиясы» ҚБ төрағасының орынбасары ретінде осы қоғамдық бірлестікті ұйымдастыруға атсалысты. Бұл қоғамдық бірлестік өнердің әртүрлі түрлерінде сыни ойды дамыту мақсатында танымал ғалым-сарапшыларды біріктіреді. Бүгінгі таңда Г.З. Бегембетованың жетекшілігімен «Қазақстанның өнер сыншылары гильдиясы» ҚБ ғылыми қызметпен айналысуы үшін аккредитация алу және кейін ҚР МжСМ мен ҒжЖБМ-нің ғылыми гранттар байқауына ұсыну бойынша жұмыс жүргізілуде, әлеуметтік желілерде профилдар құрылуда.

Галия Зайнакуловнаның ғылыми қызметінің бағыты музыкалық орындаушылықтың тарихы және теориясымен, музыка өнерінің көркем интерпретациялық табиғатымен, оның негізгі функцияларын, бұрынғы және қазіргі кездегі жүзеге асу формаларын айқындаумен байланысты. Ғылыми ізденістердің бұл бағыты ұлттық мәдениет пен руханилықты қайта өркендету тұрғысынан өте өзекті болып табылады. Жалпы гуманитарлық мәселелер жиынтығы аясында орындаушылық мәдениетін зерттеудің музыкалық-эстетикалық және тарихи-теориялық қағидаларын дамыта отырып, Г.З. Бегембетова музыкалық-орындаушылық үдерісін тәжірибелік тұрғыда жете түсінудің жаңа әдістері мен формаларын қарастыруда.

Г.З. Бегембетова ҚР МжСМ-нің «Ұлағатты ұрпақ» мәдени-білім беру жобасына қатысушысы ретінде (2021 ж.) Бангкок қаласында (Таиланд) өткен Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференцияға қатысып, Қазақстанның опералық

орындаушылығының тарихы туралы (2019 ж.) және Виго қаласында (Испания) алғашқы қазақ опера әншілері туралы баяндама (2020 ж.) жасады, сонымен қатар әртүрлі телеарналардағы қазақ музыка өнеріне арналған бірнеше бағдарламаларға қатысты.

Г.З. Бегембетованың жетекшілігімен өнертану ғылымдарының он екі магистрі және екі PhD докторы өз диссертацияларын ойдағыдай қорғады. Қазіргі кезде ол «Арт менеджмент» мамандығы бойынша бір докторантқа жетекшілік етеді.

Ол 80-нен аса ғылыми-әдістемелік және публистикалық еңбектер жариялаған, оның ішінде 16 мақала БҒССҚК ұсынған тізімге кіретін басылымдарда, 10 мақала (авторлық бірлестікте) Scopus базасына кіретін журналдарда жарық көрген. Сонымен бірге 27 баспа табақ көлеміндегі оқу-әдістемелік құралдың авторы.

Қазіргі кезде Г.З. Бегембетова ҚР «Тәуелсіз рейтинг және аккредитация агенттігінің» 1 категориялы сарапшысы болып табылады және өнер мамандықтары бойынша ҚР ЖОО-ын аккредитациялауға қатысады. 2022 ж. кәсіби біліктілігін арттыру бағытында Г.З. Бегембетова Чайковский атындағы ММК-ның профессоры В.Н. Холопованың «Музыкалық мазмұнның теориясы» атты авторлық курсын (28.03 – 10.04. 2022 ж.) тыңдады, «Білім беру саласындағы менеджмент» тақырыбында (07.11-18.12.2022 ж. аралығында, 90 с. көлемінде) курстан өтті. Сондай-ақ, жоғарғы мектептегі білім беру мәселелері бойынша өткен бірқатар тренингтер мен семинарлар сертификаттарының иегері.

Білім беру, ғылым және өнер саласындағы қажырлы еңбегі үшін Г.З. Бегембетова «Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігіне 25 жыл» медалімен, ҚР МжСМ «Мәдениет саласының үздігі» төсбелгісімен (желтоқсан 2018 ж.), «Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігіне 30 жыл» медалімен (желтоқсан 2021 ж.), Қазақстан Республикасы Президентінің «Алғыс хатымен» (қазан 2022 ж.) марапатталған.

Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясы» РММ Ғылыми кеңесі Галия Зайнакуловна Бегембетованың кандидатурасын талқылады және оның жоғары кәсіби қасиеттерін, педагогикалық қызметінің тамаша көрсеткіштерін, әдістемелік жұмыстарының тиімділігін және сұранысқа ие екенін, белсенді қоғамдық қызметін ескере отырып, оны «Құрмет» орденіне ұсынады (27.06.2023 жылғы № 12 хаттама).

«Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері» құрметті атағына:

4) Ермек Жанатаевич Скаков Алматы облысы, Балқаш ауданы, Бақанас ауылында дүниеге келген.

Білімі: Алматы қаласындағы П.И. Чайковский атындағы саз колледжін домбыра-прима, жеке орындаушы және оқытушы мамандығы бойынша (1998-2002 жж.), Құрманғазы атындағы Қазақ Ұлттық консерваториясын домбыра-прима, шертер мамандығы бойынша (2002-2006 жж.) бітірген. 2018 жылы Т.Рысқұлов атындағы Қазақ экономика университеті (НАРХОЗ) Менеджмент мамандығы бойынша дәріс алған. 2023 жылы Т.Жүргенов атындағы өнер академиясын «Арт-менеджмент» мамандығы бойынша магистратурасын аяқтаған.

Қызметтік жолы: Н.Тлендиев атындағы Академиялық фольклорлы-этнографиялық «Отырар сазы» оркестрінің артисі (2003-2007 жж.), Жамбыл атындағы Қазақ Мемлекеттік филармониясының гастрольді-концерттік бөлімінің аға менеджері (2009-2012 жж.), Құрманғазы атындағы Мемлекеттік Академиялық халық аспаптар оркестрінің артисі (2007-2018 жж.), Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясы, ректор кеңесшісі (2018-2019 жж.), Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясы, ректор аппаратының басшысы (2019 ж. – бүгінгі күнге дейін).

Е.Ж. Скаков – өнер саласында жұмыс өтілі 20 жыл.

Студенттік жылдары Е. Скаков көптеген Мемлекеттік концерттерге қатысқан, көптеген Республикалық байқауларының лауреаты: XXIII Республикалық байқауының лауреаты (2002 ж.. №256-02), А. Петренко атындағы Халықаралық байқауының лауреаты (2002 ж.).

Мәдениет саласына қосқан үлесі өте зор. Оркестр құрамында жүргенде көптеген шет елдерде Қазақстанның мәдениет күндерінде, атап айтқанда Швейцария, АҚШ, Ресей,

Қытай, Германия, Австрия, Болгария, Турция, Испания, Чехия, Славения, Франция, Венгрия, сондай-ақ, Қазақстанның барлық қалаларында концерттік-гастрольдік іс-сапармен өнер көрсетті.

Жамбыл атындағы Қазақ Мемлекеттік филармониясында менеджер қызметі бойынша тәжірибесі мол. Көптеген шет елдерден келген қонақтардың концерттерін жоғары деңгейде өткізді. Филармонияның ұжымдарының іс-сапарлары бойынша, әрбір жоба бойынша барлық құжаттаманы сүйемелдеу бойынша, ұйымдар арасындағы келіссөздер жүргізіп отырған. Концерттер мен байқаулардың жарнамасын жасаған.

Соңғы бес жылда Е. Скаков Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясының ректор аппаратының басшысы ретінде қызмет етіп, ЖОО әкімшілігінің консерваторияның беделін арттыру, ЖОО-ның даму саясаты мен стратегиясын әзірлеу және іске асыру, жетекшілік ететін құрылымдық бөлімшелердің жұмыс жоспарларының орындалуын бақылау жөніндегі жұмыстарды атқарды. Жоғары кәсіби жұмыс деңгейі үшін Е.Скаков ҚР Мәдениет және спорт министрлігінің «Мәдениет саласының үздігі» төс белгісімен (2020 ж.) және «Құрмет грамотасымен» марапатталды.

Қазіргі уақытта Е.Ж. Скаков «Дәстүрлі музыкалық өнер» мамандығының студенттері үшін «Нота оқу және оркестрлік қиындықтар» және «Фольклорлық ансамбль» пәндерінің оқытушысы ретінде қатар жұмыс жүргізуде. Қорытынды емтихандарда студенттер оқу үлгерімінің жоғары көрсеткіштерін және оқытудың сапалы жағын көрсетіп келеді. Е. Скаков еңбек еткен жылдары ұстаз ретінде кәсіби көзқарас, аналитикалық қабілеттер, жауапкершілік, т.б. маңызды қасиеттерді көрсетті.

2018 жылдан бастап Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясында жұмыс істейді.

Ермек Жанатаевич Скаковтың жоғары кәсіби қабілетін, музыкалық өнер және білім беру саласындағы қызметінің жоғары көрсеткіштерін ескере отырып, «Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясы» РММ Ғылыми кеңесімен Е. Скаковтың кандидатурасы талқыланды және «ҚР еңбек сіңірген қайраткері» құрметті атағын алуға ұсынылды (27.06.2023 ж. №12 хаттама).

Г.З. БЕГЕМБЕТОВА – Төраға орынбасары, ғылыми-шығармашылық және халықаралық ынтымақтастық жұмыстар жөніндегі проректор:

Құрметті Ғылыми кеңес мүшелері дауыс беру үдерісіне өтсек, яғни «Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясы» РММ Каршимбай Ахмедьяровты жоғары дәрежелі ерекшелік белгісі – «Қазақстанның Еңбек Ері» атағына ұсынылуын дауысқа саламыз.

ДАУЫС БЕРУ ЖҮРІП ЖАТЫР.

Г.З. БЕГЕМБЕТОВА – Төраға орынбасары, ғылыми-шығармашылық және халықаралық ынтымақтастық жұмыстар жөніндегі проректор:

Каршимбай Ахмедьяровтың кандидатурасын «Қазақстанның Еңбек Ері» атағына ұсынылуы бойынша дауыс берудің нәтижесі:

Қатысқандар ғылыми кеңес мүшелері: 26

Таратылған бюллетендер саны: 26

Таратылмаған бюллетендер саны: 0

«Қарсы» – жоқ.

«Қалыс қалғандар» – жоқ.

«Қолдағандар» – 26 дауыс.

Шешім бір дауыспен қабылданды.

Г.З. БЕГЕМБЕТОВА – Төраға орынбасары, ғылыми-шығармашылық және халықаралық ынтымақтастық жұмыстар жөніндегі проректор:

Құрметті Ғылыми кеңес мүшелері дауыс беру үдерісіне өтсек, яғни «Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясы» РММ «Аспаптық орындаушылық» факультеті «Үрмелі және ұрмалы аспаптар» кафедрасының профессоры Таңатар Коңырұлы Нұралыны Мемлекеттік награда – «Құрмет» орденіне ұсынылуын дауысқа саламыз.

ДАУЫС БЕРУ ЖҮРІП ЖАТЫР.

Г.З. БЕГЕМБЕТОВА – Төраға орынбасары, ғылыми-шығармашылық және халықаралық ынтымақтастық жұмыстар жөніндегі проректор:

Таңатар Коңырұлы Нұралының кандидатурасын «Құрмет» орденіне ұсынылуы бойынша дауыс берудің нәтижесі:

Қатысқандар ғылыми кеңес мүшелері: 26

Таратылған бюллетендер саны: 26

Таратылмаған бюллетендер саны: 0

«Қарсы» – жоқ.

«Қалыс қалғандар» – жоқ.

«Қолдағандар» – 26 дауыс.

Шешім бір дауыспен қабылданды.

Г.Б. ӘБДІРАХМАН – Ректордың м.у.а., Оқу және оқу-әдістемелік жұмыс жөніндегі проректор:

Құрметті Ғылыми кеңес мүшелері дауыс беру үдерісіне өтсек, яғни «Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясы» РММ Ғылыми-шығармашылық және халықаралық ынтымақтастық жұмыстар жөніндегі проректор, «Музыкатану, Арт-менеджмент, Әлеуметтік және гуманитарлық пәндер» факультеті «Музыкатану және композиция» кафедрасының қауымдастырылған профессоры Галия Зайнакуловна Бегембетованы Мемлекеттік награда – «Құрмет» орденіне ұсынылуын дауысқа саламыз.

ДАУЫС БЕРУ ЖҮРІП ЖАТЫР.

Г.Б. ӘБДІРАХМАН – Ректордың м.у.а., Оқу және оқу-әдістемелік жұмыс жөніндегі проректор:

Галия Зайнакуловна Бегембетованың кандидатурасын «Құрмет» орденіне ұсынылуы бойынша дауыс берудің нәтижесі:

Қатысқандар ғылыми кеңес мүшелері: 26

Таратылған бюллетендер саны: 26

Таратылмаған бюллетендер саны: 0

«Қарсы» – жоқ.

«Қалыс қалғандар» – жоқ.

«Қолдағандар» – 26 дауыс.

Шешім бір дауыспен қабылданды.

Г.З. БЕГЕМБЕТОВА – Төраға орынбасары, ғылыми-шығармашылық және халықаралық ынтымақтастық жұмыстар жөніндегі проректор:

Құрметті Ғылыми кеңес мүшелері дауыс беру үдерісіне өтсек, яғни «Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясы» РММ Ректор аппаратының басшысы Ермек Жанатаевич Скаковты Мемлекеттік награда – «қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері» құрметті атағына ұсынылуын дауысқа саламыз.

ДАУЫС БЕРУ ЖҮРІП ЖАТЫР.

Г.З. БЕГЕМБЕТОВА – Төраға орынбасары, ғылыми-шығармашылық және халықаралық ынтымақтастық жұмыстар жөніндегі проректор:

Ермек Жанатаевич Скаковтың кандидатурасын «Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері» құрметті атағына ұсынылуы бойынша дауыс берудің нәтижесі:

Қатысқандар ғылыми кеңес мүшелері: 26

Таратылған бюллетендер саны: 26

Таратылмаған бюллетендер саны: 0

«Қарсы» – жоқ.

«Қалыс қалғандар» – жоқ.

«Қолдағандар» – 26 дауыс.

Шешім бір дауыспен қабылданды.

ҚАУЛЫ ЕТТІ:

2. «Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясы» РММ келесі профессор-оқытушылық құрамы Қазақстан Республикасы Мемлекеттік наградаларына ұсынылсын:

«Қазақстанның Еңбек Ері» атағына:

1) Каршимбай Ахмедьяров – Қазақ КСР-інің Еңбек сіңірген әртісі, Қазақ КСР-інің Халық әртісі, КСРО Мемлекеттік сыйлығының лауреаты, «Парасат» орденінің иегері

«Құрмет» орденіне:

2) Таңатар Коңырұлы Нұралы – «Аспаптық орындаушылық» факультеті «Үрмелі және ұрмалы аспаптар» кафедрасының профессоры, Қазақстанның еңбек сіңірген әртісі;

3) Г.З. Бегембетова – Ғылыми-шығармашылық және халықаралық ынтымақтастық жұмыстар жөніндегі проректор, «Музыкатану, Арт-менеджмент, Әлеуметтік және гуманитарлық пәндер» факультеті «Музыкатану және композиция» кафедрасының қауымдастырылған профессоры;

«Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері» құрметті атағына:

4) Ермек Жанатаевич Скаков – Ректор аппаратының басшысы.

ҚАБЫЛДАНҒАН ШЕШІМ: Бірауыздан қабылданды.

3. **ТЫҢДАЛДЫ:** Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясының факультет декандары студенттерді ақылы оқу түрінен мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша оқуға көшіру туралы ақпараттарды ұсынды.

ҚАУЛЫ ЕТТІ:

3. Ақылы оқу нысанындағы келесі студенттер мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша оқуға ауыстырылсын:

1) Бессуднова Светлана Михайловна, 1 курс, 6B02115 – Аспаптық орындаушылық (түрлері бойынша), GPA балы – 3,65

2) Гатауова Алина Уалиевна, 1 курс, 6B02115 – Аспаптық орындаушылық (түрлері бойынша), GPA балы – 3,63;

3) Рыбалкина Ангелина Алексеевна, 1 курс, 6B02115 – Аспаптық орындаушылық (түрлері бойынша), GPA балы – 3,58;

4) Кәрібаев Салауат Советқазыұлы, 3 курс, 6B02109 – Аспаптық орындаушылық (ішекті аспаптар), GPA балы – 3,29;

5) Ахметов Мұхтар Жетпісбайұлы, 2 курс, 6B02103 – Вокалдық өнер, GPA балы – 3,24;

6) Байдебек Қошан Нұрланұлы, 2 курс, 6B02116 – Дәстүрлі музыка өнері (түрлері бойынша), GPA балы – 3,23;

7) Дарменов Нурмухаммед Бахтиёрулы, 2 курс, 6B02103 – Вокалдық өнер, GPA балы – 3,17;

8) Хафизов Кайсар, 1 курс, 6B02123 – Арт-менеджмент, GPA балы – 3,15;

9) Шүйіншбаев Ернұр Ерсаяұлы, 2 курс, 6B02115 – Аспаптық орындаушылық (түрлері бойынша), GPA балы – 3,13;

10) Әбілхайыр Айдана Ерік, 2 курс, 6B02116 – Дәстүрлі музыка өнері (түрлері бойынша), GPA балы – 3,12.

ҚАБЫЛДАНҒАН ШЕШІМ: Бірауыздан қабылданды.

4. ТЫҢДАЛДЫ: Оқу үдерісін жоспарлау және ұйымдастыру қызметінің басшысы Н.А. Ертаеваның 2022-2023 оқу жылындағы мемлекеттік емтихандардың қорытындысы туралы мәлімдеме.

СӨЗ СӨЙЛЕДІ:

Н.А. ЕРТАЕВА – Оқу үдерісін жоспарлау және ұйымдастыру қызметінің басшысы:

Құрметті ҒК Төрағасы және мүшелері! Назарларыңызға 2022-2023 оқу жылындағы мемлекеттік емтихандардың қорытындысын ұсынамын.

МЕМЛЕКЕТТІК ЕМТИХАНДАР ЖӘНЕ ДИПЛОМДЫҚ ЖҰМЫСТАР/ЖОБАЛАРДЫ ҚОРҒАУДЫҢ ҚОРЫТЫНДЫЛАРЫ

Академиялық күнтізбе бойынша **22. Мамыр күнінен 24 маусымға дейін** мамандықтар бойынша мемлекеттік емтихандар және бітіруші студенттер үшін диплом жұмыс/жобаларын қорғау жұмыстары бекітілген кестеге сәйкес жүргізілді. Ең соңғы дипломдық жобаны қорғау Арт-менеджмент білім беру бағдарламасы бойынша 16 маусым күні өткізілді.

4 курс бойынша барлығы-266 студент. Академиялық демалыста-7 студент, көктемгі емтихан қортындысы бойынша академиялық қарыздары бар- 4 студент қортынды аттестаттауға жіберілмеді.

Қорытынды аттесттауға 255 студент жіберілді. Оның ішінде 1 студент диплом жобасын қорғауға себепсіз келмеді (6B02123 Арт-менеджмент Орынбасар Бексұлтан Әлібекұлы).

2022-2023 оқу жылының бітірушілер саны – 254 студентті құрады.

Биылғы ерекшеліктерге тоқтала кетсем: аудио-видео жазбалар жүргізілді, осы орайда кафедраға және де Концерттік-шығармашылық жұмыстарды ұйымдастыру қызметіне жоғары дәрежедегі көрсетілген атқарылған жұмыстары үшін алғыс білдіргім келеді.

Келесі ерекшелік: дипломдық жоба мамандық бойынша қорғау алғаш рет жүргізілді:

Вокал, Дирижерлеу және Музыкалық білім беру факультеті бойынша:

Қорытынды аттестация	Қорытынды аттестацияға жіберілгендер саны	Тапсырғандар саны	Соның ішінде:						
			Өте жақсы	жақсы	қанағаттанарлы қ	Қанағаттанар- лықсыз	Орташа балл	Келмеу	Үлгерімі, %
Вокалдық өнер									
Камералық класс	7	7	1	6			4,14		100
Опералық класс	31	31	22	9			4,71		100
Диплом жобасын жазу және қорғау мамандық бойынша	38	38	19	18	1		4,47		100

«Аспаптық орындаушылық» факультеті бойынша:

Қорытынды аттестация	Қорытынды аттестацияға жіберілгендер саны	Тапсырғандар саны	Соның ішінде:						
			Өте жақсы	Жақсы	қанағаттанарлық	қанағаттанарлық сыз	Орташа балл	Келмеу	тапсырушыларды ң үлгерімі %
Аспаптық орындаушылық (Үрмелі және ұрмалы аспаптар)									
Үрмелі аспаптар ансамблі	25	25	18	7			4,72		100
Диплом жобасын жазу және қорғау мамандық бойынша	25	25	21	4			4,84		100
Аспаптық орындаушылық (Ішекті аспаптар)									
Контрабастар квартеті	1	1		1			4		100
Камералық ансамбль	16	16	11	5			4,69		100
Ішекті квартет	15	15	10	5			4,67		100
Диплом жобасын жазу және қорғау мамандық бойынша	16	16	7	9			4,44		100
Аспаптық орындаушылық (Фортепиано)									
Камералық ансамбль	26	26	23	3			4,88		100
Диплом жобасын жазу және қорғау мамандық бойынша	26	26	25	1			4,96		100
Орган	4	4	4				5		100

«Халық музыкасы» факультеті бойынша:

Қорытынды аттестация	Қорытынды аттестацияға жіберілгендер саны	Тапсырғандар саны	Соның ішінде:						
			Өте жақсы	Жақсы	қанағаттана	қанағаттана	Орташа балл	Келмеу	тапсырушылардың

Дәстүрлі музыкалық өнер / мамандану: Халық аспаптары (домбыра, прима, шертер, фольклорлық аспаптар)									
Диплом жобасын жазу және қорғау мамандық бойынша	45	45	33	9	3		4,6 7		100
Дәстүрлі музыкалық өнер/Халық аспаптары (Қыл қобыз, прима қобыз, алыт қобыз, баян)									
Диплом жобасын жазу және қорғау мамандық бойынша	24	24	15	8	1		4,5 8		100
Дәстүрлі музыкалық өнер/ Халық әні									
Мамандық	20	20	12	8			4,6		100
Дипломдық жұмысын жазу және қорғау	20	20	13	7			4,6 5		100

Мамандық бойынша мемлекеттік емтихандар және диплом жұмысын қорғау келесі мамандықтарда жүргізілді:

Қорытынды аттестация	Қорытынды аттестацияға	Тапсырғандар саны	Соның ішінде:						
			Өте жақсы	жақсы	қанағаттандырылмай	қанағаттандырылмай	анарлық	Орташа балл	Келмеу
Дирижерлеу									
Мамандығы	19	19	16	3	-	-	4,84	-	100
Дипломдық жұмысын жазу және қорғау	19	19	15	4	-	-	4,79	-	100
Музыкалық білім беру									
Мамандығы	9	9	6	3	-	-	4,67	-	100
Дипломдық жұмысын жазу және қорғау	9	9	5	4	-	-	4,56	-	100

«Музыкатану, арт-менеджмент және әлеуметтік-гуманитарлық пәндер» факультеті бойынша:

Қорытынды аттестация	Қорытынды аттестация	Тапсырғандар саны	Соның ішінде:						
			Өте жақсы	Жақсы	қанағаттанар	қанағаттанар	Орташа балл	Келмеу	тапсырушылардың
Арт-менеджмент									
Мамандық	22	22	12	8	1	1	4,41		95,45
Диплом жобасын жазу және қорғау мамандық бойынша	22	22	9	11	1		4,32	1	95,45
Музыкатану									
Мамандық	9	9	7	2			4,78		100
Дипломдық жұмысын жазу және қорғау	9	9	8	1			4,89		100

Композиция									
Мамандық	2	2	1	1			4,5		100
Дипломдық жұмысын жазу және қорғау	2	2	2				5		100

Өткен жылдармен салыстырғанда қызыл диплом алған студенттер саны:

№	Мамандықтар атауы	2020-2021	2021-2022	2022-2023
1	Аспаптық орындаушылық/ Фортепиано	5	1	5
2	Аспаптық орындаушылық/ Ішекті аспаптар	4	2	0
3	Аспаптық орындаушылық/ Үрмелі аспаптар	3	5	6
Аспаптық орындаушылық факультеті		12	8	11
1	Вокалдық өнер	5	6	3
2	Дирижерлеу	6	3	1
3	Музыкалық білім беру	7	2	1
Вокал, дирижерлеу және Музыкалық білім беру факультеті		21	11	5
1	Музыкатану	6	4	3
2	Арт-менеджмент	3	4	7
3	Композиция	0	0	1
Музыкатану, арт-менеджмент және әлеуметтік-гуманитарлық пәндер факультеті		9	8	11
1	Дәстүрлі музыкалық өнер/ Домбыра	7	10	6
2	Дәстүрлі музыкалық өнер/ Кобыз, баян	2	9	1
3	Дәстүрлі музыкалық өнер/ Халық әні	1	3	2
Халық музыкасы факультеті		10	22	9
ЖИЫНЫ:		52	49	36

Өткен жылмен салыстырғанда факультеттер бойынша үздік диплом алатын студенттердің статистикасы келесідей:

Кесте

Мамандықтар атауы	2019-2020 оқу жылы	2020-2021 оқу жылы	2022-2023 оқу жылы	процент
Вокал, Дирижерлеу және Музыкалық білім беру факультеті	21	11	5	1,96
Факультет Аспаптық орындаушылық	12	8	11	4,3
Музыкатану, Арт-менеджмент және ӘГТ факультеті	9	8	11	4,3
Халық музыкасы факультеті	10	22	9	3,5

БАРЛЫҒЫ:	52	49	36	14
-----------------	-----------	-----------	-----------	-----------

254 – 36
14%

2) 2023 жылы 12 мамырда докторантура білім беру бағдарламасының 1 курс докторанттары кешенді емтихан қорытынды аттестациясын тапсырды.

Кешенді емтихан бойынша:

№	Білім беру бағдарлама атауы	Барлығы	Тапсырғандар саны	Бағалау			Оқу үлгерімі (%)	Білім сапасы (%)	Орташа балл
				5	4	Аралас баға			
1	Докторантура	4	4	3	1	-	100 %	100 %	4.75
	Жалпы саны:	4	4	3	1	-	100 %	100 %	4.75

Магистрлік диссертацияны қорғау 2023 жылдың 05-09 маусым аралықтарында өтті. Бітіретін 40 (қырық) магистранттың 39-ы (отыз тоғыз) қорғауға жіберілді. Оқу үдерісінің жұмыс жоспары мен жеке оқу жоспарының және оқу бағдарламаларын талаптарға сәйкес аяқтамаған «7M02102-Аспаптық орындаушылық» білім беру бағдарламасының 2 курс магистранты Омар Ақниет қорғауға жіберілмеді.

39 магистрант магистрлік диссертацияларын ойдағыдай қорғап, өздеріне тиесілі әділ бағаларын алып шықты.

Магистрлік диссертацияларды қорғау:

№	Білім беру бағдарлама атауы	барлығы	Қорғауға жіберілгендер саны	бағалау				Оқу үлгерімі (%)	Білім сапасы (%)	Орташа балл
				5	4	3	Жіберілмегенде			
2022-2023 оқу жылы										
	Магистратура	40	39	28	9	2	1	97.50 %	92.50 %	4.55

Магистрлік диссертацияны қорғау бойынша талдау

Оқу жылы	Жалпы саны	Қорғауға жіберілген дер	Қорғауға жіберілмеген дер	5	4	3	келмегендер
2021-2022	38	37	1 (Н.Төлеухан)	26	9	1 (Г.Мукашева)	1 (І.Өтемисова)
2022-2023	40	39	1 (А.Омар)	28	9	2 Ж.Сайын, М.Даулетхан	-

ҚАУЛЫ ЕТТІ:

4. 2022-2023 оқу жылындағы мемлекеттік емтихандардың қорытындысы бекітілсін.

ҚАБЫЛДАНҒАН ШЕШІМ: Бірауыздан қабылданды.

5. ТЫҢДАЛДЫ: Факультет декандарының ҚР Президентінің шәкіртақысына (бакалавриат), Нұрсұлтан Назарбаев шәкіртақысына (магистратура) және Нұрсұлтан Назарбаев Қоры (бакалавриат: 3, 4 курс; магистратура) шәкіртақыларға кандидатураларды бекіту туралы мәлімдемесі.

СӨЗ СӨЙЛЕДІ:

Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясының факультет декандары 3 түрлі шәкіртақылары бойынша ұсынылған білім алушылар туралы ақпараттарды ұсынды.

ҚАУЛЫ ЕТТІ:

5. 1. Президент шәкіртақысына келесі үміткер білім алушылар ұсынылсын:

- 1) Қоңыратбай Әдемі Әуелбекқызы, 6B02105 – Дирижерлеу, GPA – 3,95; 3 курс;
- 2) Туйтебаева Аяжан Есетовна, 6B02102 – Арнайы фортепиано, GPA – 3,89; 3 курс;
- 3) Дреева Алевтина Алексеевна, 6B02105 – Дирижерлеу, GPA – 3,84; 3 курс;
- 4) Қуат Беназир Қуатқызы, 6B02102 – Ішекті аспаптар, GPA – 3,84; 3 курс.

2. Н.Ә. Назарбаев шәкіртақысын тағайындау жөніндегі конкурстық комиссияның құрамына, «Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясы» РММ ректорының м.у.а. Гүлнәр Бақытқызы Әбдірахманды;

Н.Ә. Назарбаев шәкіртақысына екінші оқу жылы магистранттары арасынан үздік оқиган келесі үміткерлерді:

- 1) Сафиева Жанель, 7M02101 – Музыкатану, GPA – 3,9;
- 2) Сапарбек Әли Қанатұлы, 7M02105 – Дирижерлеу, GPA – 3,81;

ұсынады.

3. Н. Назарбаев Қоры студенттік шәкіртақысына келесі үміткер білім алушылар ұсынылсын:

- 1) Ахмедьярова Актоты Ерболатқызы, 6B02102 – Үрмелі және ұрмалы аспаптар (Флейта), GPA – 3,89; 2 курс;
- 2) Токпанова Анель Есімбекқызы, 6B02123 – Арт-менеджмент, GPA – 3,86; 3 курс;
- 3) Амангельдинова Данара Максұтовна, 6B02105 – Дирижерлеу, GPA – 3,85; 2 курс;
- 4) Кимран Раушан Жеңісқызы, 6B02123 – Арт-менеджмент, GPA – 3,85; 3 курс;
- 5) Мұратқызы Салтанат, 6B02105 – Дирижерлеу, GPA – 3,83; 2 курс;
- 6) Сәрсенәлі Айгүл Жанарқызы, 6B01406 – Музыкалық білім беру, GPA – 3,82; 2 курс;
- 7) Ракишева Ажар Сериқовна, 6B02123 – Арт-менеджмент, GPA – 3,82; 3 курс;
- 8) Сабырова Альбина Мақсатханқызы, 6B02104 – Дәстүрлі музыка өнері (Халық әні), GPA – 3,82; 4 курс;
- 9) Сухамбаева Алуа Асхатқызы, 6B02102 – Арнайы фортепиано, GPA – 3,79; 2 курс;
- 10) Гайнединова Амина Равильевна, 6B02104 – Дәстүрлі музыка өнері (Халық әні), GPA – 3,67; 4 курс;
- 11) Сандешова Арайлым Есетовна, 6B02104 – Дәстүрлі музыка өнері (Халық әні), GPA – 3,63; 4 курс;

Магистратура бойынша:

- 12) Гимарат Ерназар, 7M02102-Арнайы фортепиано, GPA – 3,82;
- 13) Сапарбек Әли Қанатұлы, 7M02105 – Дирижерлеу, GPA – 3,81;
- 14) Ильмуратов Самат, 7M02102-Ішекті аспаптар (Контрабас), GPA – 3,8;
- 15) Абильсеит Аружан, 7M02102-Ішекті аспаптар (Альт), GPA – 3,78;
- 16) Тілеген Нұрдаулет Әділұлы, 7M02105-Дирижерлеу, GPA – 3,78;
- 17) Урумбаев Медет Оразбаевич, 7M02105-Дирижерлеу, GPA – 3,77;
- 18) Суният Акмарал, 7M02102-Ішекті аспаптар (Альт), GPA – 3,75;
- 19) Жәнібек Даулет Қошқарбекұлы, 7M02105-Дирижерлеу, GPA – 3,7.

ҚАБЫЛДАНҒАН ШЕШІМ: Бірауыздан қабылданды.

6. ТЫҢДАЛДЫ. Ғылыми хатшы Ш.А. Аманжолованың 2022-2023 оқу жылындағы Құрманғазы ҚҰК Ғылыми кеңес шешімдерінің орындалуы туралы есебі.

СӨЗ СӨЙЛЕДІ:

Ш.А. АМАНЖОЛОВА – Ғылыми хатшы:

Қайырлы күн, құрметті ҒК Төрағасы және мүшелері! Назарларыңызға 2022-2023 оқу жылындағы Құрманғазы ҚҰК Ғылыми кеңес шешімдерінің орындалуы туралы есепті ұсынамын:

1. Жалпы мәліметтер

Ғылыми кеңес жұмысының мақсаты білім беру және өзге де қызметтердің сапасын арттыруға бағытталған ЖОО қызметінің негізгі аспектілері бойынша алқалы түрде шешім қабылдауды қамтамасыз ету болып табылады.

Ғылыми кеңестің қызметі жариялылыққа және құзіретіне кіретін мәселелерді ұжымдық талқылауға негізделеді.

2. Жүргізілген жұмыстарды талдау

Ғылыми кеңестің бекіткен жоспарына сәйкес 2022-2023 оқу жылының тамыз мен маусым айлары аралығында, айына 1 рет кезекті 11 жоспарланған Ғылыми кеңес мәжілісі жоспарланған. Олардың ішінде 2023 жылдың маусым айының соңындағы жағдай бойынша 13 мәжілісі болып өтті (оның ішінде 2 Кезектен тыс мәжіліс), яғни барлық жоспарланған мәжілістер өткізілді.

**2022-2023 оқу жылының тамызынан маусымына дейінгі
өткен Ғылыми кеңестің мәжілістер тізімі:**

№	Іс-шаралар/қызмет атауы	Жауапты тұлға	Орындау мерзімі	Орындау туралы белгі/нәтиже сипаттамасы
Тамыз				
1.	2022-2023 оқу жылына арналған Ғылыми кеңес құрамына өзгертулер мен толықтырулар енгізу	А.А. Жудебаев, ҒК төрағасы, ректоры	27.08.2022	Орындалды; Бұйрық №42-п, 27.08.2022 http://www.conservatoire.edu.kz/upload/02-2023/1.%20%D0%A1%D0%BE%D1%81%D1%82%D0%B0%D0%B2%20%D0%A3%D0%A1%202022-2023%20%D2%9B%D0%B0%D0%B7..pdf
2.	2022-2023 оқу жылына арналған Ғылыми кеңес жұмыс жоспарын бекіту	А.А. Жудебаев, ҒК төрағасы, ректоры	27.08.2022	Орындалды http://www.conservatoire.edu.kz/upload/01-09-2022/%D2%92%D1

				%8B%D0%BB%D1%8B%D0%BC%D0%B8%20%D0%BA%D0%B5%D2%A3%D0%B5%D1%81%20%D0%B6%D2%B1%D0%BC%D1%8B%D1%81%20%D0%B6%D0%BE%D1%81%D0%BF%D0%B0%D1%80%D1%8B%202022-2023%20%D0%BE%D2%9B%D1%83%20%D0%B6%D1%8B%D0%BB%D1%8B.pdf
3.	2022 жылғы қабылдау емтиханы туралы	Қабылдау комиссиясының жауапты хатшылары	27.08.2022	Орындалды
4.	Барлық деңгейдегі бірінші курс, дайындық курсы үшін 2022-23 оқу жылына арналған білім беру бағдарламалары мен оқу жұмыс жоспарларын бекіту	И.О. Оқас Оқуды жоспарлау бөлімінің басшысы	27.08.2022	Орындалды
5.	2022-2023 оқу жылына арналған магистр академиялық дәрежесі бар оқытушыларды және (немесе) аға оқытушыларды; ғылыми қызметкерлерді, еңбек сіңірген мәдениет, өнер қайраткерлерін, шығармашылық одақтардың мүшелерін немесе бакалавриаттың білім беру бағдарламалары бойынша тәжірибелі мамандарды дәрістер оқуға және (немесе) оқу сабақтарының басқа түрлерін өткізуге жіберу туралы	Г.Б. Әбдірахман, Оқу және оқу-әдістемелік жұмыстар жөніндегі проректор	27.08.2022	Орындалды
6.	Магистрлік білімі туралы шетелдік дипломдары бар практик-педагогтарды сағаттық негізде сабақ жүргізуге жіберу туралы	Г.Б. Әбдірахман, Оқу және оқу-әдістемелік жұмыстар жөніндегі проректор	27.08.2022	Орындалды
7.	Магистр академиялық дәрежесі бар оқытушыларды және (немесе) аға оқытушыларды; ғылыми қызметкерлерді, еңбек сіңірген мәдениет, өнер	Г.Б. Әбдірахман, Оқу және оқу-әдістемелік жұмыстар	27.08.2022	Орындалды

	қайраткерлерін, шығармашылық одақтар мүшелерін немесе тәжірибелі мамандарды дипломдық жұмыстарға (жобаларға) басшылық жасауға жіберу туралы	жөніндегі проректор		
8.	<i>Әртүрлі. 8.1 Педагогикалық жүктемені жоспарлауда Уақыт нормасына өзгерістер енгізу туралы</i>	Г.Б. Әбдірахман, Оқу және оқу- әдістемелік жұмыстар жөніндегі проректор	27.08.2022	Орындалды
9.	<i>8.2 Профессор-оқытушылар құрамын бос лауазымдарына ұсыну туралы</i>	Г.З. Бегембетова, Ғылыми- шығармашылық және халықаралық ынтымақтастық жұмыстар жөніндегі проректор	27.08.2022	Орындалды
Қыркүйек				
10.	2022-2023 оқу жылына арналған Оқу-әдістемелік кеңес жұмыс жоспарын бекіту	Г.Б. Әбдірахман, Оқу және оқу- әдістемелік жұмыс жөніндегі проректор	28.09.2022	Орындалды
11.	Оқыту нәтижелерін бағалау саясатын бекіту	Г.Б. Әбдірахман, Оқу және оқу- әдістемелік жұмыс жөніндегі проректор	28.09.2022	Орындалды
12.	ҚР БЖҒМ-нің «Үздік оқытушы - 2022» Республикалық байқауына қатысу үшін Құрманғазы ат. ҚҰК ішкі ЖОО- дық байқауының комиссия құрамы мен мерзімін бекіту	Г.Б. Әбдірахман, Оқу және оқу- әдістемелік жұмыс жөніндегі проректор	28.09.2022	Орындалды
13.	2022-2023 оқу жылына арналған тәрбие жұмысының жоспарын бекіту	М. Ешмұханов, Тәрбие және әлеуметтік жұмыс жөніндегі проректор	28.09.2022	Орындалды
14.	2022-2023 оқу жылына арналған «Рухани жаңғыру» бағдарламасының жоспарын бекіту.	М.А. Ешмұханов, Тәрбие және әлеуметтік жұмыс жөніндегі проректор	28.09.2022	Орындалды
15.	2022-2023 оқу жылына арналған екінші жоғары білім мен	Г.С. Қасымова Қаржы- экономикалық	28.09.2022	Орындалды

	дайындық курсы бойынша оқу құнын бекіту туралы	бөлмінің меңгерушісі		
16.	Қосымша білім беру бөлімінің оқытушыларына арналған оқу сағатының құнын бекіту	Г.С. Қасымова, Қаржы-экономикалық бөлмінің меңгерушісі	28.09.2022	Орындалды
17.	1 курс магистранттары мен докторанттарының ғылыми жетекшілерін бекіту	Г.З. Бегембетова, Ғылыми шығармашылық қызмет және халықаралық ынтымақтастық жөніндегі проректор	28.09.2022	Орындалды
18.	2 жылдық магистранттарының ғылыми жетекшілерін қайта бекіту	Г.З. Бегембетова, Ғылыми шығармашылық қызмет және халықаралық ынтымақтастық жөніндегі проректор	28.09.2022	Орындалды
19.	Концерттік қызметті ұйымдастыру бойынша қызметтің жұмыс жоспарын бекіту	А.И. Аязбаева, Концерттік қызметті ұйымдастыру бойынша қызметінің басшысы	28.09.2022	Орындалды
20.	2022-2023 оқу жылының күзгі-қысқы семестріндегі пәндердің тізбесін және емтихан өткізу нысандарын бекіту (Білім берудің барлық деңгейлері үшін)	Декандар; Н.А. Ертаева, Оқу үрдісін жоспарлау және ұйымдастыру қызметінің жетекшісі	28.09.2022	Орындалды
21.	<i>12. Әртүрлі 12.1 ЖОО профессорлық-оқытушылық құрамының ғылыми еңбектерін баспаға ұсыну туралы Т.Т. Токжанов «Дала өрнектері», домбыра мен фортепианоға арналған шығармалар, күйлер жинағы</i>	Г.З. Бегембетова, Ғылыми шығармашылық қызмет және халықаралық ынтымақтастық жөніндегі проректор	28.09.2022	Орындалды
22.	<i>12.2 Конкурс бойынша профессор-оқытушылар құрамын бос лауазымдарына ұсыну туралы</i>	Г.З. Бегембетова, Ғылыми шығармашылық қызмет және халықаралық ынтымақтастық	28.09.2022	Орындалды

		жөніндегі проректор		
23.	12.3 Ғылым саласындағы мемлекеттік ғылыми стипендияларға үміткерлерді ұсыну туралы	Г.З. Бегембетова, Ғылыми шығармашылық қызмет және халықаралық ынтымақтастық жөніндегі проректор	28.09.2022	Орындалды
24.	12.4 Профессор-оқытушылар құрамының арасынан кандидатураларды ведомстволық наградаларға ұсыну туралы	Г.З. Бегембетова, Ғылыми шығармашылық қызмет және халықаралық ынтымақтастық жөніндегі проректор	28.09.2022	Орындалды
25.	12.5 Оқыту нәтижелерін бағалау саясаты	Д.Д. Уразымбетов, Сапа менеджменті секторының басшысы	28.09.2022	Орындалды
Қазан				
26.	1 курс магистранттары мен докторанттарының диссертациялық зерттеу тақырыптарын бекіту	Г.З. Бегембетова, Ғылыми шығармашылық қызмет және халықаралық ынтымақтастық жөніндегі проректор	26.10.2022	Орындалды
27.	2022-2023 оқу жылы түлектерінің (бакалавриат) дипломдық жұмыстары мен жобалары тақырыптарын бекіту туралы	Г.Б. Әбдірахман, Оқу және оқу- әдістемелік жұмыс жөніндегі проректор	26.10.2022	Орындалды
28.	ЖОО-ның халықаралық қызметінің болашағы мен жоспары. Халықаралық бөлімнің 2022-2023 оқу жылына арналған Жұмыс жоспарын бекіту	Ж.Р. Абдухалық, Халықаралық бөлімінің жетекшісі	26.10.2022	Орындалды
29.	2022-2023 оқу жылындағы оқу-әдістемелік және ғылыми әдебиеттердің қамтамасыз етілуі туралы	Г.У. Байгонусова, Ғылыми- ақпараттық кітапхана қызметінің жетекшісі	26.10.2022	Орындалды
30.	Әртүрлі	Г.З. Бегембетова, Ғылыми шығармашылық	26.10.2022	Орындалды

	5.1 Утверждение вторичного редактирование положений об ЭКС	қызмет және халықаралық ынтымақтастық жөніндегі проректор		
Қараша				
31.	Профессор-оқытушылық құрамынан «Халық музыкасы» факультетінің деканы, «Домбыра» кафедрасының профессоры, ҚР мәдениет қайраткері, профессор Т.Т. Тоғжановты Республикалық «Жоғары оқу орнының үздік оқытушысы» байқауының II кезеңіне (республикалық) ұсыну туралы	Г.З. Бегембетова, Ғылыми шығармашылық қызмет және халықаралық ынтымақтастық жөніндегі проректор	14.11.2023 Кезектен тыс мәжіліс	Орындалды
32.	Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясының профессорлық-оқытушылық құрамының арасынан кандидатураларды ведомстволық наградаларға ұсыну туралы	Г.З. Бегембетова, Ғылыми шығармашылық қызмет және халықаралық ынтымақтастық жөніндегі проректор	30.11.2023	Орындалды
33.	2022 жылы бітірушілердің жұмысқа орналасу нәтижесі туралы	М.А. Ешмұханов, Тәрбие және әлеуметтік жұмыс жөніндегі проректор	30.11.2023	Орындалды
34.	ҒЗФЛ-ның 2022-2023 оқу жылына арналған жоспары мен болашағы	Б. Бабижан, ҒЗФЛ басшысы	30.11.2023	Орындалды
35.	Құрманғазы ат. ҚҰК-ның интернационалдандыру стратегиясы.	Г.З. Бегембетова, Ғылыми шығармашылық қызмет және халықаралық ынтымақтастық жөніндегі проректор	30.11.2023	Орындалды
36.	Құрманғазы ат. ҚҰК-ның ғылыми-зерттеу жұмыстары туралы ережесін бекіту	Г.З. Бегембетова, Ғылыми шығармашылық қызмет және халықаралық ынтымақтастық жөніндегі проректор	30.11.2023	Орындалды
37.	Құрманғазы ат. ҚҰК-ның сауалнама жүргізу туралы ережесін бекіту	Г.Б. Әбдірахман, Оқу және оқу-әдістемелік	30.11.2023	Орындалды

		жұмыс жөніндегі проректор		
38.	Ішкі сапаны қамтамасыз ету саясаты ережесін бекіту	Г.Б. Әбдірахман, Оқу және оқу-әдістемелік жұмыс жөніндегі проректор	30.11.2023	Орындалды
39.	«Вокал, дирижерлеу және музыкалық білім беру» факультеті «Музыкалық білім беру және психология» кафедрасының доценті Ербол Тунгышевич Усенбаевты ҚР ҒЖЖБМ-нің қауымдастырылған профессоры (доцент) атағына ұсыну туралы	Г.З. Бегембетова, Ғылыми шығармашылық қызмет және халықаралық ынтымақтастық жөніндегі проректор	30.11.2023	Орындалды
40.	Құрманғазы атындағы ҚҰК «Аспаптық орындаушылық» факультеті «Үрмелі және ұрмалы аспаптар» кафедрасының аға оқытушысы Виктор Алексеевич Глебовты доцент лауазымына ұсыну туралы	Г.З. Бегембетова, Ғылыми шығармашылық қызмет және халықаралық ынтымақтастық жөніндегі проректор	30.11.2023	Орындалды
41.	Құрманғазы ат. ҚҰК-ның ақпараттық саясат туралы ережесі	Г.Б. Әбдірахман, Оқу және оқу-әдістемелік жұмыс жөніндегі проректор	30.11.2023	Орындалды
42.	Атаулы класстар туралы	Кафедра меңгерушілері	30.11.2023	Орындалды
43.	Ішкі аудит туралы ережені бекіту	Г.Б. Әбдірахман, Оқу және оқу-әдістемелік жұмыс жөніндегі проректор	30.11.2023	Орындалды
44.	<i>Әртүрлі 13.1 Ғылыми кеңес құрамына енгізілген өзгерту туралы</i>	Г.З. Бегембетова, Ғылыми шығармашылық қызмет және халықаралық ынтымақтастық жөніндегі проректор	30.11.2023	Орындалды
45.	<i>13.2 Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясында өткен «Жоғары оқу орнының үздік оқытушысы» республикалық байқаудың I кезеңінің (ЖОО ішінде) қорытындысы</i>	Г.З. Бегембетова, Ғылыми шығармашылық қызмет және халықаралық ынтымақтастық жөніндегі проректор	30.11.2023	Орындалды

	<i>бойынша келесі үздік оқытушыларды марапаттау</i>			
46.	<i>13.3 Факультеттің оқу-әдістемелік жұмысы туралы ережесі</i>	Г.Б. Әбдірахман, Оқу және оқу-әдістемелік жұмыс жөніндегі проректор	30.11.2023	Орындалды
47.	<i>13.4 Құрманғазы атындағы ҚҰК-ның Академиялық адалдық кодексі</i>	Г.Б. Әбдірахман, Оқу және оқу-әдістемелік жұмыс жөніндегі проректор	30.11.2023	Орындалды
Желтоқсан				
48.	2022 жылға арналған ғылыми-зерттеу жұмысы туралы есеп	Г.З. Бегембетова, Ғылыми-шығармашылық және халықаралық ынтымақтастық жұмыстар жөніндегі проректор	28.12.2022	Орындалды
49.	Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясының профессорлық-оқытушылық құрамы мен қызметкерлерді арасынан кандидатураларды Қазақстан Республикасы Жоғары оқу орындары қауымдастығының наградаларына ұсыну туралы	А.А. Жудебаев, Төраға, Құрманғазы атындағы ҚҰК-ның ректоры, ҚР еңбек сіңірген қайраткері	28.12.2022	Орындалды
50.	Білім беру бағдарламалары бойынша аттестаттау есептерін бекіту	Әбдірахман Г.Б., Оқу және оқу-әдістемелік жұмыс жөніндегі проректор	28.12.2022	Орындалды
51.	Студенттер мен магистранттардың ақылы білім алу түрінен Мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша оқуға ауысуы туралы	Әбдірахман Г.Б., Оқу және оқу-әдістемелік жұмыс жөніндегі проректор	28.12.2022	Орындалды
52.	Құрманғазы атындағы ҚҰК-ның «Тәуекелдерді басқару саясаты» атты құжатын бекіту туралы	Әбдірахман Г.Б., Оқу және оқу-әдістемелік жұмыс жөніндегі проректор	28.12.2022	Орындалды
53.	«Сәйкессіздіктерді басқару, түзету және ескеру әрекеттері» құжатталған рәсімі	Әбдірахман Г.Б., Оқу және оқу-әдістемелік жұмыс жөніндегі проректор	28.12.2022	Орындалды

54.	Ғылыми-зерттеу жұмысының нәтижелерін білім беру үдерісіне енгізу туралы Ереже	Әбдірахман Г.Б., Оқу және оқу-әдістемелік жұмыс жөніндегі проректор	28.12.2022	Орындалды
55.	Академиялық комитет туралы Ережеге енгізілетін өзгерістер туралы	Әбдірахман Г.Б., Оқу және оқу-әдістемелік жұмыс жөніндегі проректор	28.12.2022	Орындалды
56.	«Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясының Құрметті профессоры» атағы туралы Ереже	Г.З. Бегембетова, Ғылыми-шығармашылық және халықаралық ынтымақтастық жұмыстар жөніндегі проректор	28.12.2022	Орындалды
57.	Әртүрлі <i>10.1 «Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясы» РММ Ғылыми кеңесінің 2022-2023 оқу жылындағы I жарты жылдық бойынша есебі.</i>	Ш.А. Аманжолова, ҒК хатшысы	28.12.2022	Орындалды
Барлығы (I жарты жылдық бойынша): 6 мәжіліс				
Қаңтар				
58.	Құрманғазы атындағы ҚҰК-ның 2022 жылғы Стратегиясы бойынша есеп	А.А. Жудебаев, Құрманғазы атындағы ҚҰК ректоры, ҒК төрағасы, ҚР еңбек сіңірген қайраткері	25.01.2023	Орындалды
59.	2023 жылға арналған ғылыми-зерттеу жұмысының жоспарын бекіту	Д.Е. Кешубаева, Ғылым бөлісінің жетекшісі	25.01.2023	Орындалды
60.	2022-2023 оқу жылындағы ОПҚ сапалық-сандық құрамына талдау	А.С. Сыдыкова, Персоналмен жұмыс жасау бөлімінің басшысы	25.01.2023	Орындалды
61.	Мамандық бойынша кешенді емтихандардың (магистратура, докторантура) және мамандық бойынша мемлекеттік емтихандардың (бакалавриат) тізімі мен өткізу формаларын бекіту (2022-2023 оқу жылының көктемгі мезгілі)	Г.Б. Әбдірахман, Оқу және оқу-әдістемелік жұмыс жөніндегі проректор	25.01.2023	Орындалды

62.	Мемлекеттік емтихан қабылдау бойынша мемлекеттік аттестациялық комиссия құрамын бекіту туралы (2022-2023 оқу жылының көктемгі мезгілі)	Г.Б. Әбдірахман, Оқу және оқу-әдістемелік жұмыстар жөніндегі проректор	25.01.2023	Орындалды
63.	2022-2023 оқу жылында Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясының студенттік жатақханасында тұру ақысы туралы	М.А. Ешмуханов, Тәрбие және әлеуметтік жұмыстар жөніндегі проректор	25.01.2023	Орындалды
64.	ҚР Президенті стипендиясы мен Мемлекеттік атаулы студенттер стипендиясына үміткерлерді бекіту	Факультет декандары	25.01.2023	Орындалды
65.	2022-2023 оқу жылындағы (І жартыжылдық) мемлекеттік емтихандардың қорытындылары туралы	Факультет декандары	25.01.2023	Орындалды
66.	<i>Әртүрлі. 9.1 «Аспаптық орындаушылық» факультеті «Арнайы фортепиано» кафедрасының аға оқытушысы А. Несипбаевтың «Орган: строение и история от античности до 18 века» атты оқу құралын РОӘК ұсыну туралы;</i>	И.А. Гавриленко, «Арнайы фортепиано» кафедрасының меңгерушісі	25.01.2023	Орындалды
67.	<i>9.2 «Халық музыкасы» факультеті «Домбыра» кафедрасының доценті Қ. Жұмағалидың «Қарақалпақ күйлері» атты домбыраға арналған күйлер жинағын баспаға ұсыну туралы</i>	Д.А. Нұрбаева, «Домбыра» кафедрасының меңгерушісі	25.01.2023	Орындалды
Ақпан				
68.	Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясы аумағында Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісі мен мәслихаттары депутаттарының кезектен тыс сайлау алды іс-шараларды өткізу барысы туралы	Г.З. Бегембетова, Ғылыми шығармашылық қызмет және халықаралық ынтымақтастық жөніндегі проректор	17.02.2023 Кезектен тыс мәжіліс	Орындалды
69.	Құрманғазы атындағы ҚҰК ОПК және ғылыми қызметкерлердің бос орындарына конкурс өткізу	Г.Б. Әбдірахман, Оқу және оқу-әдістемелік жұмыс жөніндегі проректор	27.02.2023	Орындалды

	бойынша іс-шаралар жоспарын бекіту			
70.	«Басшылық тарапынан талдау» құжатталған рәсімін бекіту	Г.Б. Әбдірахман, Оқу және оқу-әдістемелік жұмыс жөніндегі проректор	27.02.2023	Орындалды
71.	2023-2024 оқу жылына элективті пәндер каталогын бекіту	Г.Б. Әбдірахман, Оқу және оқу-әдістемелік жұмыс жөніндегі проректор	27.02.2023	Орындалды
72.	4.1 2022-2023 оқу жылына арналған магистрлік диссертацияларды қорғау жөніндегі МАК құрамын және докторантура бойынша кешенді емтихандардың бағдарламаларын бекіту (көктемгі семестр); 4.2 Профессор-оқытушылар құрамын құрметті атақтарға ұсыну туралы	Г.З. Бегембетова, Ғылыми шығармашылық қызмет және халықаралық ынтымақтастық жөніндегі проректор	27.02.2023	Орындалды
73.	2022 жылғы қаржылық-шаруашылық туралы есеп	Г.С. Касымова, Қаржы-экономикалық бөлімінің меңгерушісі	27.02.2023	Орындалды
74.	Студенттерге арналған туристік саяхат ережесін бекіту	М.А. Ешмұханов, Тәрбие және әлеуметтік жұмыс жөніндегі проректор	27.02.2023	Орындалды
75.	<i>Әртүрлі 7.1 Құрманғазы атындағы ҚҰК «Музыкатану, арт-менеджмент, әлеуметтік және гуманитарлық пәндер» факультеті «Әлеуметтік-гуманитарлық пәндер» кафедрасының оқытушысы Зульфия Бекбулатовна Кульманованың аға оқытушы лауазымына ұсыну туралы</i>	А.Г. Каирбекова, «Әлеуметтік-гуманитарлық пәндер» кафедрасының меңгерушісі	27.02.2023	Орындалды
76.	<i>7.2 «Музыкатану, арт-менеджмент, әлеуметтік және гуманитарлық пәндер» факультеті «Музыкатану және композиция»</i>	М.Т. Койлыбаева, «Музыкатану және композиция»	27.02.2023	Орындалды

	кафедрасының доценті В.А. Шапиловтың «Сложный контрапункт в двухголосии. Практические работы» атты электрондық оқу құралын РОӘК ұсыну туралы;	кафедрасының меңгерушісі		
77.	7.3 Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясының профессор-оқытушылық құрамы мен қызметкерлеріне Қазақстан Республикасы Жоғары оқу орындары қауымдастығының марапаттарын тапсыру;	А.А. Жудебаев, Төраға, ректор, ҚР еңбек сіңірген қайраткері	27.02.2023	Орындалды
78.	7.4 Жаңадан түсетін контингенттің бейінді бағыт бойынша магистратураға түсушілерге білім беру бағдарламалары мен 2023-2024 оқу жылына арналған оқу жұмыс жоспарларын бекіту.	Н. Ертаева, Оқу үдерісін жоспарлау және ұйымдастыру қызметінің басшысы	27.02.2023	Орындалды
Наурыз				
79.	2023-2025 жылдарына арналған Диссертациялық кеңестің ашылуы туралы	А.С. Нусупова, Диссертациялық кеңестің хатшысы	29.03.2023	Орындалды
80.	2023-2024 оқу жылына арналған академиялық күнтізбені және оқу жүктемесін жоспарлау үшін уақыт нормаларын бекіту	Н.А. Ертаева, Оқу үдерісін жоспарлау және ұйымдастыру қызметінің басшысы	29.03.2023	Орындалды
81.	Жаңадан түсетін контингент (бакалавриат, магистратура, докторантура) үшін білім беру бағдарламаларының өзгерістерін және 2023-2024 оқу жылына арналған оқу жұмыс жоспарларының жобаларын бекіту	Н.А. Ертаева, Оқу үдерісін жоспарлау және ұйымдастыру қызметінің басшысы	29.03.2023	Орындалды
82.	2023-2024 оқу жылына арналған оқу жұмыс жоспарларын және ауыспалы контингент Білім беру бағдарламаларының өзгерістерін бекіту	Н.А. Ертаева, Оқу үдерісін жоспарлау және ұйымдастыру қызметінің басшысы	29.03.2023	Орындалды
83.	Консерваторияның студенттік ұйымдарының жұмысы туралы	М.А. Ешмуханов, Тәрбие және әлеуметтік жұмыстар жөніндегі проректор	29.03.2023	Орындалды

84.	Ғылыми бөлім жұмысы туралы	Д.Е. Кешубаева, Ғылыми бөлімінің жетекшісі	29.03.2023	Орындалды
85.	Ақпараттық саясат бөлімінің жұмысы туралы	С.А. Қансейіт, Ақпараттық саясат бөлімінің басшысы	29.03.2023	Орындалды
86.	<i>Әртүрлі 8.1 А.С. Нусупованың «Фортепианный концерт в творчестве композиторов Казахстана (1940-2000-е годы)». атты монографиясын баспаға ұсыну туралы</i>	М.Т. Койлыбаева, «Музыкатану және композиция» кафедрасының меңгерушісі	29.03.2023	Орындалды
87.	<i>8.2 «Халық музыкасы» факультеті «Домбыра» кафедрасының профессоры К.С. Сахарбаеваның «Тарлан- талант» атты материалдар мен құжаттар жинағын баспаға ұсыну туралы</i>	Д.А. Нұрбаева, «Домбыра» кафедрасының меңгерушісі	29.03.2023	Орындалды
88.	<i>8.3. «Ішекті аспаптар» кафедрасының доценттері Р.Ф. Такежанова мен А.А. Джұлмухамедовалардың профессор лауазымдарына ұсыну туралы</i>	Г.К. Мурзабекова, «Ішекті аспаптар» кафедрасының меңгерушісі	29.03.2023	Орындалды
89.	<i>8.4 Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясының профессорлық-оқытушылық құрамы мен қызметкерлерін нағрадаларға ұсыну туралы</i>	А.А. Жудебаев, Төраға, ректор, ҚР еңбек сіңірген қайраткері	29.03.2023	Орындалды
Сәуір				
90.	Құрманғазы атындағы ҚҰК- ның 2023-2024 оқу жылына арналған Оқуға қабылдау ережесін бекіту	Жауапты хатшылар Қабылдау комиссиясы (бакалавриат, магистратура, докторантура)	26.04.2023	Орындалды
91.	Бакалавриат (шығармашылық емтихан), магистратура және докторантураға түсу емтихандарының тізімі мен бағдарламаларын бекіту	Декандар	26.04.2023	Орындалды
92.	Тілдік пәндер бойынша пәндік олимпиада ережесін бекіту туралы	Г.С. Сулеева, «Әлеуметтік- гуманитарлық пәндер» кафедрасы Тілдер	26.04.2023	Орындалды

		секциясының жетешісі		
93.	Құрманғазы атындағы ҚҰК «Аспаптық орындаушылық» факультеті «Үрмелі және ұрмалы аспаптар» кафедрасының оқытушысы Карибаев Бекмухамбет Есиркеповичты аға оқытушы лауазымына ұсыну туралы	О.В. Нестерова, «Үрмелі және ұрмалы аспаптар» кафедрасының меңгерушісі	26.04.2023	Орындалды
94.	<i>Әртүрлі</i> 5.1 Құрманғазы атындағы ҚҰК «Халық музыкасы» факультеті «Домбыра» кафедрасының аға оқытушысы Б. Игіліктің «Домбыра мен фортепианоға арналған шығармалар» хрестоматиясын баспаға ұсыну туралы	Д.А. Нұрбаева, «Домбыра» кафедрасының меңгерушісі	26.04.2023	Орындалды
95.	5.2 Құрманғазы атындағы ҚҰК «Музыкатану, Арт-менеджмент, әлеуметтік және гуманитарлық пәндер» факультеті «Әлеуметтік-гуманитарлық пәндер» кафедрасының доценті А. Есетованың «Русский язык» қазақ бөлімінің 1 курс студенттеріне арналған оқу құралын (барлық мамандықтарына арналған) баспаға ұсыну туралы	А.Г. Каирбекова, «Әлеуметтік-гуманитарлық пәндер» кафедрасының меңгерушісі	26.04.2023	Орындалды
96.	5.3 Қазақстан Республикасы Мәдениет саласындағы мемлекеттік стипендиясын ұсыну туралы	Г.З. Бегембетова, Төраға орынбасары, Ғылыми-шығармашылық және халықаралық ынтымақтастық жұмыстар жөніндегі проректор	26.04.2023	Орындалды
Мамыр				
97.	Аккредитацияның алдын ала нәтижелері	Г.Б. Әбдірахман, Оқу және оқу-әдістемелік жұмыс жөніндегі проректор	31.05.2023	Орындалды
98.	«Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясы» РММ	Г.Б. Әбдірахман, Оқу және оқу-әдістемелік	31.05.2023	Орындалды

	Даму стратегиясына өзгерістер енгізу туралы	жұмыс жөніндегі проректор		
99.	2022-2023 оқу жылының концерттік жобалау қызметінің қорытындысы туралы	А.И. Аязбаева, Концерттерді ұйымдастыру қызметінің басшысы	31.05.2023	Орындалды
100.	СҒЗЖ туралы қорытынды	Д.Е. Кешубаева, Ғылыми бөлімінің жетекшісі	31.05.2023	Орындалды
101.	2022-2023 оқу жылындағы тәрбие жұмысы туралы есеп	М.А. Ешмұханов, Тәрбие және әлеуметтік жұмыстар жөніндегі проректор	31.05.2023	Орындалды
102.	ҚР БжҒМ Республикалық олимпиада туралы қорытынды	Т.Ж. Битембаева, Оқу-әдістемелік бөлімнің жетекшісі	31.05.2023	Орындалды
103.	<i>Әртүрлі 7.1 ҚР Еңбек сіңірген қайраткері Әйтимов Марат Олжабайұлының Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясының Құрметті профессор атағына ұсыну туралы</i>	Т.К. Бекназарова, «Вокалдық өнер» кафедрасының меңгерушісі	31.05.2023	Орындалды
104.	<i>7.2 О выдвижении Ганира Алескер кызы Пашаевой, общественного и политического деятеля, журналист, поэтесса, депутат Милли Меджлиса Азербайджанской Республики, на Почетного профессора КНК им. Курмангазы</i>	Г.З. Бегембетова, Төраға орынбасары, Ғылыми-шығармашылық және халықаралық ынтымақтастық жұмыстар жөніндегі проректор	31.05.2023	Орындалды
105.	<i>7.3 Құрманғазы ат. ҚҰК Оқу және оқу-әдістемелік жұмыстар бойынша проректор Г.Б. Әбдірахман және С. Ходжикованың «Гульжаухар Чумбалова. Судьба быть в первых» атты кітабын баспаға ұсыну туралы</i>	М.Т. Койлыбаева, «Музыкатану және композиция» кафедрасының меңгерушісі	31.05.2023	Орындалды
106.	<i>7.4 Құрманғазы ат. ҚҰК «Халық музыкасы» факультетінің деканы,</i>	А.Ұ. Күзеубай,	31.05.2023	Орындалды

	<i>профессор Т.Т. Токжановтың «Алпамыс батыр. I, II томдары» атты музыкалық эпосын баспаға ұсыну туралы.</i>	«Халық әні» кафедрасының меңгерушісі		
107.	<i>7.5 Құрманғазы ат. ҚҰК Дайындық курстарының құнын көтерілуі туралы</i>	Г.Б. Әбдірахман, Оқу және оқу-әдістемелік жұмыс жөніндегі проректор	31.05.2023	Орындалды
Маусым				
108.	2022-2023 оқу жылының оқу-әдістемелік жұмысы туралы есеп	Г.Б. Әбдірахман, Оқу және оқу-әдістемелік жұмыс жөніндегі проректор	27.06.2023	Орындалды
109.	2022-2023 оқу жылындағы мемлекеттік емтихандардың қорытындысы туралы	Г.Б. Әбдірахман, Оқу және оқу-әдістемелік жұмыс жөніндегі проректор	27.06.2023	Орындалды
110.	Білім алушыларды, магистранттарды ақылы оқу түрінен мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша оқуға ауыстыру туралы	Факультет декандары	27.06.2023	Орындалды
111.	ҚР Президентінің студенттік стипендиясына және мемлекеттік атаулы студенттік стипендияларға кандидатураларды бекіту	Факультет декандары	27.06.2023	Орындалды
112.	2022-2023 оқу жылындағы Құрманғазы ҚҰК Ғылыми кеңес шешімдерінің орындалуы туралы	Аманжолова Ш.А. Ғылыми хатшы	27.06.2023	Орындалды
113.	<i>Әртүрлі</i>		27.06.2023	Орындалды
Барлығы (II жарты жылдық бойынша): 7 мәжіліс				

3. Қорытынды

Ғылыми кеңес мәжіліс жұмысы бойынша жалпы саны 113 мәселе талқыланып, шешім қабылданды. Оның 59 сұрағы (55%) жоспарланған күн тәртібі бойынша талқыланса, 54 (43%) сұрағы әртүрлі мәселелер бойынша жоспардан тыс қарастырылды. Олардың арасында, 93 мәселе (79,6 %) ЖОО үшін стратегиялық маңызы жоғары мәселелер болса, 20-сі (18 %) шұғыл шешімін табуы тиіс тапсырмалардан тұрды.

Сонымен, жыл бойы Ғылыми кеңес келесі бағыттар бойынша жұмыстарды талқылап, шешім шығарды:

- 1) Құрманғазы атындағы ҚҰК-ның 2022 жылғы Стратегиясы бойынша есеп – 2;
- 2) Ғылыми кеңесті ұйымдастыру бойынша – 6;
- 3) Оқу және оқу-әдістемелік жұмыстар бойынша – 35;
- 4) Ғылыми және халықаралық ынтымақтастық жұмыстар – 16;

- 5) Тәрбие және концерттік қызмет жұмыстары бойынша – 8
- 6) Кадрлық мәселелер – 6;
- 7) Қаржы-экономикалық мәселелер – 5;
- 8) Баспаға ұсынылған оқу-әдістемелік, ғылыми еңбектер – 9;
- 9) Бекітілген Ережелер мен өзгерістер – 18;
- 10) Әр түрлі марапаттар мен төсбелгілер саны – 8/38.

SWOT-ТАЛДАУ

Күшті жақтары	Әлсіз жақтары
1. Ғылыми кеңес құрамының сапалығы (ғылым докторлары мен кандидаттары, PhD докторлары, Еңбек сіңірген қайраткерлері, Халық әртістері, магистратура және бакалавриат бағдарламаларының студенттері); 2. Ғылыми кеңес мәжілістерін міндетті түрде өткізілуі (әр айдың соңғы сәрсенбі күндері); 3. Талқылау мен шешім қабылдаудағы ашықтығы мен алқалығы.	Ғылыми кеңестің жоспарланған Күн тәртібі мәжіліс күніне дейін өзгеруі мүмкіндігі.
Мүмкіндіктері	Қауіп-қатерлер
Білім беру және басқару үдерістерінің қажеттілігіне сәйкес мәселелерді басшылық тарапынан жылдам және икемді шешілуі.	Ғылыми кеңестің өкілеттігі шегінде қауіп-қатер ең аз.

ҚАУЛЫ ЕТТІ:

6. 2022-2023 оқу жылындағы Құрманғазы ҚҰК Ғылыми кеңес шешімдерінің орындалуы туралы есебі бекітілсін.

ҚАБЫЛДАНҒАН ШЕШІМ: Бірауыздан қабылданды.

7. ТЫҢДАЛДЫ. Әртүрлі. 7.1 «Халық әні» кафедрасының меңгерушісі А.Ұ. Күзеубайдың ҚР Еңбек сіңірген қайраткері Ғалым Мұхамединның Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясының «Құрметті профессор» атағына ұсыну туралы баяндамасы.

СӨЗ СӨЙЛЕДІ:

А.Ұ. КҮЗЕУБАЙ – «Халық әні» кафедрасының меңгерушісі:

Қайырлы күн, құрметті ҒК Төрағасы және мүшелері! Назарларыңызға ҚР Еңбек сіңірген қайраткері Ғалым Мұхамединның негіздеме қорытындысын ұсынамын (Негіздеме қорытынды мен «Халық әні» кафедрасы мәжілісінің хаттамасынан үзінді 27.05.2023 ж. № 10 хаттамаға қоса тіркелді).

ҚАУЛЫ ЕТТІ:

7.1. ҚР Еңбек сіңірген қайраткері Ғалым Мұхамедин Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясының «Құрметті профессор» атағына ұсынылсын.

ҚАБЫЛДАНҒАН ШЕШІМ: Бірауыздан қабылданды.

7. ТЫҢДАЛДЫ. Әртүрлі. 7.2 «Аспаптық орындаушылық» факультетінің деканы А.С. Бекенованың «Арнайы фортепиано» кафедрасының меңгерушісі, аға оқытушы И.А. Гавриленконың «Сборник сочинений композиторов Казахстана для органа (1 том)» атты жинағын баспаға ұсыну туралы баяндамасы.

СӨЗ СӨЙЛЕДІ:

А.С. БЕКЕНОВА – «Аспаптық орындаушылық» факультетінің деканы:

Құрметті ҒК мүшелері! Назарларыңызға «Арнайы фортепиано» кафедрасының меңгерушісі, аға оқытушы И.А. Гавриленконың «Сборник сочинений композиторов Казахстана для органа (1 том)» атты жинағына сыртқы пікір: Қазақ Ұлттық өнер университетінің Республикалық ғылыми-әдістемелік ресурстық орталықтың жетекші ғылыми қызметкері Т.В. Харламова; ішкі пікір: «Аспаптық орындаушылық» факультеті «Арнайы фортепиано» кафедрасының профессоры Г. Несипбаев және арнайы тағайындалған сарапшы «Аспаптық орындаушылық» факультетінің деканы А.С. Бекенованың сараптама пікірлері тыңдалды (пікірлер хаттамаға қоса тіркелді). Жинақ «Арнайы фортепиано» кафедрасының (11.05.2023 ж., № 09 хаттама), «Аспаптық орындаушылық» факультетінің әдістемелік кеңесі мәжілістерінен (01.06.2023 ж., № 06 хаттама) және Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясының Оқу-әдістемелік кеңесінің (15.06.2023 ж. № 06 хаттама) талқылауларынан өткен (Берілген пікірлер мен хаттамалардан үзінділер хаттамаға қоса тіркелді).

ҚАУЛЫ ЕТТІ:

7.2. «Арнайы фортепиано» кафедрасының меңгерушісі, аға оқытушы И.А. Гавриленконың «Сборник сочинений композиторов Казахстана для органа (1 том)» атты жинағы баспадан шығаруға ұсынылсын.

ҚАБЫЛДАНҒАН ШЕШІМ: Бірауыздан қабылданды.

7. ТЫҢДАЛДЫ. Әртүрлі. 7.3 «Музыкалық білім беру және психология» кафедрасының меңгерушісі К.А. Есдаулетованың «Музыкалық білім беру және психология» кафедрасының оқытушысы Динара Бейсагановна Саманованы аға оқытушы лауазымына ұсыну туралы баяндамасы.

СӨЗ СӨЙЛЕДІ:

К.А. ЕСДАУЛЕТОВА – «Музыкалық білім беру және психология» кафедрасының меңгерушісі:

Құрметті ҒК мүшелері! Назарларыңызға кафедрамыздың оқытушысы Динара Бейсагановна Саманова туралы негіздеме қорытындыны ұсынамын:

Д. Б. Саманова Құрманғазы атындағы ҚҰК 2007 жылы музыкалық білім берудегі педагогика және психология мамандығы бойынша білім алған. 2011 жылдан 2013 жылға дейін Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясында магистратурада оқыды.

2008 жылдан бастап Құрманғазы атындағы ҚҰК-да қызмет атқара жүріп, өзін ұйымдастырушылық, басқарушылық және ғылыми міндеттерді шешуге қабілетті білікті маман ретінде көрсетті. Консерваторияның музыкалық білім берудегі педагог-психолог мамандығы бойынша кәсіби кадрлар даярлаумен айналысатын оқу бөлімшесінің жұмысын қамтамасыз ететін құжаттарды, оқу жоспарлары мен бағдарламаларды әзірлеуге белсене қатысты.

ҚҰК жұмыс істеген жылдар ішінде ол осы күрделі де маңызды қызметті жүзеге асыруда кәсіби біліктілік, жауапкершілік таныта отырып, Мемлекеттік емтихан комиссияларының мүшесі және хатшысының міндеттерін бірнеше рет атқарды.

Д. Б. Саманова өзінің педагогикалық шеберлігі мен ғылыми біліктілігін арттыру бойынша үнемі жұмыс істейді, біліктілікті арттыру сертификаттарына ие, Музыкалық білім беру жүйесі үшін бірқатар маңызды міндеттерді орындауға мүмкіндік беретін әлеуеті бар.

Соңғы 3 жылда біліктілікті арттырудан өтті:

1. 18-24.06. 2020 ж. – «Онлайн оқыту: мүмкіндіктер және практикалық қолдану», Құрманғазы ат. ҚҰК, сертификат №429-2020пк, 72 сағ. Алматы қ.;

2. 13.11.2020 ж. – «Қашықтықтан оқыту: Сабақты әзірлеуден бастап білім беру процесін ұйымдастыруға дейін», «Өрлеу» Біліктілікті Арттыру Ұлттық орталығы АҚ, № 6587040, 40 сағат, Алматы қ.;

3. 06-11.12. 2021 ж. – «Білім беру процесінде инновациялық технологияларды пайдалану», Әл-фараби ат. ҚМУ., сертификат № 02, 72 сағ., Алматы қ.;

4. 07.02.2023 ж.- «Білім берудегі заманауи педагогикалық технологиялар», «Ағарту» республикалық ақпараттық-әдістемелік орталығы, сертификат № 0000229, 36 сағат, Астана қ.

Кафедраның аға оқытушысы К.О. Қожамжаровамен бірге «Стрессті басқару және стресске төзімділікті дамыту» психологиялық тренингінің элементтерімен «Медицинадағы коммуникативтік дағдылардың, психологияның және әлеуметтік жұмыстың өзекті мәселелері: теориядан практикаға» атты IX Халықаралық жыл сайынғы ғылыми-практикалық конференциясында мастер-класс өткізді, 2023 жылғы 11-12 мамыр, Алматы қаласы.

Педагогикалық жүктемені орындау шеңберінде оқу үдерісін ұйымдастырудың келесі формалары қолданылады – лекциялар, семинарлар, дәріс формасы бар. Оқу процесінде ол оқытудың жаңа технологияларын

белсенді түрде қолданады, оның ішінде теориялық материалды, студенттер портфолиосын және оқу пәндерін визуализациялау әдістері бар.

Есепті кезеңде өмір бойы білім беру жүйесінің теориясы мен практикасының мәселелеріне арналған 10 ғылыми жұмысы жарық көрді. Ғылыми зерттеу мәселелеріне жоғары және орта мектептердің дидактикасы, педагогикалық инновация, мұғалімнің ақпараттық мәдениеті, білім берудегі менеджмент мәселелері жатады.

2020 жылдан бастап вокал, дирижерлық және музыкалық білім беру факультеті кеңесінің мүшесі, кафедрада оқу-әдістемелік жұмысына жауапты, кафедра хатшысы. Кәсіби жауапкершілікті сезіне отырып, кафедра басшылығы мен деканат тарапынан жоспардан тыс тапсырмаларды орындайды, кәсіби шеберлігі мен жеке қасиеттерімен студенттер мен оқытушылар арасында үлкен құрметке ие. Құрманғазы атындағы ҚҰК ректорының Алғыс хаттарымен марапатталған.

Құрметті Ғылыми кеңес мүшелері, Динара Бейсагановна Самановаға қолдау көрсетулеріңізді сұраймын.

Г.Б. ӘБДІРАХМАН – Ректордың м.у.а., Оқу және оқу-әдістемелік жұмыс жөніндегі проректор:

Динара Бейсагановна консерватория түлегі және магистратураныда бітірген. Оқытушы лауазымында жұмыс істеп келе жатқанына бір шама жылдар болыпты. Аға оқытушы лауазымына қойылған талаптарды орындаған. Әрине, Динара Бейсагановна Саманованы қолдаймыз.

Г.З. БЕГЕМБЕТОВА – Төраға орынбасары, ғылыми-шығармашылық және халықаралық ынтымақтастық жұмыстар жөніндегі проректор:

Құрметті Ғылыми кеңес мүшелері дауыс беру үдерісіне өтсек, яғни «Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясы» РММ «Вокал, дирижерлеу және музыкалық білім беру» факультеті «Музыкалық білім беру және психология» кафедрасының оқытушысы Динара Бейсагановна Саманованы аға оқытушы лауазымына ұсынылуын дауысқа саламыз.

ДАУЫС БЕРУ ЖҮРІП ЖАТЫР.

Г.З. БЕГЕМБЕТОВА – Төраға орынбасары, ғылыми-шығармашылық және халықаралық ынтымақтастық жұмыстар жөніндегі проректор:

Динара Бейсагановна Саманованың кандидатурасын «Аға оқытушы» лауазымына ұсынылуы бойынша дауыс берудің нәтижесі:

Қатысқандар ғылыми кеңес мүшелері: 26

Таратылған бюллетендер саны: 26

Таратылмаған бюллетендер саны: 0

«Қарсы» – жоқ.

«Қалыс қалғандар» – жоқ.

«Қолдағандар» – 26 дауыс.

Шешім бір дауыспен қабылданды.

ҚАУЛЫ ЕТТІ:

7.3. «Музыкалық білім беру және психология» кафедрасының оқытушысы Динара Бейсагановна Саманованы аға оқытушы лауазымына тағайындалсын.

ҚАБЫЛДАНҒАН ШЕШІМ: Бірауыздан қабылданды.

7. ТЫНДАЛДЫ. Әртүрлі. 7.4 Ректордың м.у.а., Оқу және оқу-әдістемелік жұмыс жөніндегі проректор Г.Б. Әбдірахманның Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясының 2023–2029 жылдарға арналған бағдарламасы және даму жоспарын бекіту туралы баяндамасы.

СӨЗ СӨЙЛЕДІ:

Г.Б. ӘБДІРАХМАН – Ректордың м.у.а., *Оқу және оқу-әдістемелік жұмыс жөніндегі проректор:*

Құрметті ҒК мүшелері! Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясының 2023–2029 жылдарға арналған бағдарламасы және даму жоспарын ұсынамын. Өткен айдың Ғылыми кеңес мәжілісінде Даму стратегиясына өзгерістер енгізілген еді (2023 жылдың 31 мамыры № 11 хаттама). Осы енгізілген өзгертулер негізінде 2023–2029 жылдарға арналған Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясының бағдарламасы және даму жоспары дайындалды. Бұл құжат Сіздерге алдын ала жіберілген болатын. Құжатпен таныссыздар.

Бұл құжат Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігі Мәдениет комитетінің «Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясы» республикалық мемлекеттік мекемесінің бағдарламасы мен даму жоспарын жаңарту (бұдан әрі – Консерватория) оларды Қазақстан Республикасында жоғары білім мен ғылымды дамытудың 2023–2029 жылдарға арналған тұжырымдамасымен, Қазақстан Республикасының туристік саласын дамытудың 2023-2029 жылдарға арналған тұжырымдамасымен және ЖОО-ның ішкі және сыртқы еңбек нарығында бәсекеге қабілеттілігін қамтамасыз ететін жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім, мәдениет және ғылым саласындағы басқа да бағдарламалық құжаттармен үйлестіру қажеттілігіне негізделген.

Құжатта Консерваторияның миссиясы, келешегі, құндылығы және даму болашағы оларға қол жеткізудің стратегиялық бағыттары, мақсаттары мен міндеттері және күтілетін нәтижелері айқын баяндалған.

Құжаттың 1-қосымшасында Даму стратегиясының 2029 жылға дейінгі әр бір стратегиялық бағыт бойынша орындалатын жоспар кесте түрінде көрсетілген және олардың орындалу үдерісінің өлшем бірліктері де берілген.

Құрметті Ғылыми кеңес мүшелері, Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясының 2023–2029 жылдарға арналған бағдарламасы және даму

жоспары атты құжат жөнінде пікірлеріңіз және қосатын ойларыңыз болса ұсыныңыздар.

Б.А. ЖАМАНБАЕВ – «Дирижерлеу» кафедрасының меңгерушісі, ҚР Халық артисі, профессор:

Бұл құжатпен таныс шықтым, өте сауатты және барлық пункттері айқын түрде көрсетілген. Стратегиялық бағыттарда Консерваторияның барлық ғылыми, шығармашылық, концерттік, тәрбие жұмыстары қамытылған, яғни бағдарламада нақты қандай шаралар атқарылу керектігі мен стратегиялық бағыттар қадап көрсетіп берілген. Бұл құжатты өте маңызды құжат деп санаймын. 2029 жылға дейін 1-қосымшада көрсетілген жоспар бойынша жұмыс ітеуге дайынбыз.

ҚАУЛЫ ЕТТІ:

7.4. «Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясының 2023–2029 жылдарға арналған бағдарламасы және даму жоспары бекітілсін.

ҚАБЫЛДАНҒАН ШЕШІМ: Бірауыздан қабылданды.

Төраға



Г. Әбдірахман

Хатшы



Ш. Аманжолова